**Частное учреждение Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан  
ДИАГНОСТИКА ФИНАНСОВОГО СОСТОЯНИЯ БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В  
КАЗАХСТАНЕ**

В предшествующие годы в стране произошли важные политические события, главным из которых является смена власти, что наряду с другими изменениями привело к изменениям в финансовых структурах страны. В связи с этим мы стали свидетелями многих изменений в банковском секторе. Существенное влияние на финансовое положение банков второго уровня оказали серьезные изменения в экономиках как в стране, так и во всем мире, уменьшились и количества банков второго уровня, серьезно изменились и оставшиеся в рейтинге финансовые показатели 22 БВУ. На него, кроме вышеизложенных аспектов, большое влияние оказали санкции, наложенные на Россию. В представленной статье предложена диагностика финансового состояния банковского сектора Казахстана, в том числе БВУ на примере показателей отечественных банков, которые в течение ряда лет занимают лидирующие позиции.

**Ключевые слова:** банковский сектор, банки второго уровня, банковская система, финансовые показатели, активы, ликвидность, рентабельность.

**Gulzhan Kadyrova, Seitghanova Danagul  
Candidate of Economic Sciences, Assistant Professor,  
Private institution "Academy" Bolashak", Karaganda, Republic of Kazakhstan  
DIAGNOSTICS OF THE FINANCIAL CONDITION OF THE BANKING SECTOR IN  
KAZAKHSTAN**

In the previous years, important political events took place in the country, the main of which is the change of power, which, along with other changes, led to changes in the financial structures of the country. In this regard, we have witnessed many changes in the banking sector. Serious changes in the economies both in the country and around the world had a significant impact on the financial position of second-tier banks, the number of second-tier banks also decreased, and the remaining financial indicators of 22 STBs in the rating also changed significantly. In addition to the above aspects, he was greatly influenced by the sanctions imposed on Russia. The article presents a diagnosis of the financial condition of the banking sector of Kazakhstan, including the STB on the example of indicators of domestic banks, which have been leading positions for a number of years.

**Keywords:** banking sector, second-tier banks, banking system, financial indicators, assets, liquidity, profitability.

**List of used literature:**

1. Kazakhstan Respublikasynyn 1995 zhylygy 31 tamyzdagy No. 2444 "Bankter zhane bank qyzmeti turaly Kazakstan a respublikasyndagy Zany (01.03.2022 zhardai boyynsha ozgeristermen zhane tolyktyrularmen).
2. Akhmetov A.R. "Deposit Guarantee Fund - a guarantor of personal financial security" / Banks of Kazakhstan No. 6, 2016
3. Bank management. Akhmetov B.A., 2007g - 239 b.
4. <https://kapital.kz/finance>, <https://forbes.kz/>, <kursiv.kz>, <https://www.kdif.kz>
5. <https://forte.kz/>,
6. <https://www.bcc.kz/kz/>

## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

**Байтасова Әмина Берікқызы**, экономика ғылымдарының магистрі, «Bolashaq» Академиясы «Құқықтық және қаржылық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы.

**Қадірова Гүлжан Әділқызы** Bolashaq» академиясы ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры, экономика ғылымдарының кандидаты, «Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы;

**Сейтжанова Данагүл Саматқызы** экономика ғылымдарының магистрі, «Bolashaq» Академиясы «Құқықтық және қаржылық пәндер» кафедрасының аға оқытушы, «Қарағанды, Қазақстан Республикасы»;

## СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

**Байтасова Амина Бериковна**, магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Правовых и финансовых дисциплин» Академии "Bolashaq", Караганда, Республика Казахстан.

**Кадырова Гульжан Адиловна**, проректор по науке и международному сотрудничеству, кандидат экономических наук, доцент, Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан

**Сейтжанова Данагуль Саматовна**, магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Правовых и финансовых дисциплин» Академии "Bolashaq", Караганда, Республика Казахстан.

## INFORMATION ABOUT AUTHORS

**Baitassova Amina**, master of Economics, senior lecturer of the departments of " Legal and financial disciplines "of the Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

**Kadyrova Gulzhan Adilovna**, Vice-Rector for Science and International Cooperation, Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

**Seitzhanova Danagul Samatovna**, master of Economics, Senior Lecturer at the Department of Legal and Financial Disciplines, Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

ӨОК 81' 367:811.  
ҒТАХР 10.02.19

Абдрахманов Рүстем Хасенұлы  
«Bolashaq» академиясы» Жеке меншік мекемесі, Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
Абдуалиева Замзя Нургазиевна  
Скакова Ляззат Амангельдиевна  
Балқаш қаласы білім бөлімінің «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі»  
КММ, Балқаш, Қазақстан Республикасы

### СИНТАКСИСТІК ЖОЛМЕН БЕРІЛЕТІН ЭКСПРЕССИВТІЛІК

Мақалада синтаксистегі экспрессивтілікті беру мәселелері қарастырылады. Зерттеу объектісі араласулар, кіріспе сөздер, қосылатын құрылымдар, сондай-ақ байланыстырушы құрылымдар. Экспрессивтілік синтаксистік дизайнның жалпы белгісі. Авторлар экспрессивтілікті синтаксистік құрылымдарды әр-түрлі позицияларында ұсынып, сондай-ақ ұқсастық және айырмашылықтарын ашып көрсеткен.

**Тірек сөздер:** экспрессия, сөздік, заңдылықтар, сөйлем, сөз, құрылымдар, кірістіру, бекітілген сөз, тіл білімі, парцелляция, үстеме құрылымдар

Тақырыпты ашып алу үшін ең бірінші «экспрессивтілік дегеніміз не?» деген сұраққа жауап берейік.

Экспрессия - латын сөзі, орысшасы - выразительность. Тіл ғылымында экспрессивтілік туралы дөп басып айтатын пікір жоқ. Мысалы, француз ғалымы Марузо сөздігінде экспрессивтілік "мәнерлі" деген ұғымды білдіретіні көрсетіледі де, оған "элементтің, не құбылыстың айтылатын ойға бағалық сипат үстейтін қасиеті" деген анықтама беріледі.

Дәл осындай екінші сөздікте экспрессия анықтамасы былай беріледі: "Экспрессия - сөздің мәнерлілік, суреттілік - қасиеті. Ол сөзді қарапайым лексикадан ерекшелеп оған бейнелілік пен эмоционалдық реңк үстейді. Бірақ, әрқашан экспрессивтілік бар жерде бейнелілік пен эмоционалдық реңк бола бермейді". Осы сияқты пікірлер көптеп кездеседі.

Сөйлем арқылы ойды білдіруде, сөйтіп бес түрлі мүше қолданатын болады. Бірақ сөйлем - жалаң коммуникативтік акт емес, ол психологиялық-экспрессивтік те акт.

Жалпы тіл білімінде эмоция және экспрессия деген ұғымдардың өзара байланысы, қолданылу ерекшеліктері жайында әртүрлі пікірлер айтылып келеді. Эмоция мен экспрессия ұғымдары көбіне лексиканың аясында "эмоционалды-экспрессивті" түрінде бірге қолданылып жүргені бәрімізге мәлім. Дей тұрғанмен, тіл білімінің біраз мамандары, әсіресе, синтаксис мамандарының эмоция мен экспрессияның әр басқа ұғымдар екені жайында жазылған, айтылған еңбектерін де кездестіруге болады. Бұл туралы қазақ тіл білімінде Х.М.Нұрмұқановтың "Сөз және шеберлік" деп аталатын еңбегінде эмоция мен экспрессия ұғымдарына арнайы орын берілген. Зерттеушінің еңбегінде экспрессия - латын сөзі, орысшасы — выразительность деп көрсетіледі [1, 49].

Сонымен қатар, ғалым өзіне дейінгі айтылған пікірлерді негізге ала отырып, экспрессия мен эмоция ұғымдарының ара қатынасы жөніндегі ойларын ортаға салады. Зерттеуші бұл ұғымдардың стильдік қырларына ерекше назар аударып отырған. Алайда, ғалым бұл мәселенің лексика төңірегінде ғана қарастыруды мақсат етеді де, синтаксистік деңгейдегі экспрессия туралы мәселе қарастырылмайды. Зерттеуші экспрессия сөзге бейнелілік пен эмоциялық реңді үнемі бермейді, яғни экспрессивтілік бар жерде бейнелілік пен эмоциялық рең үнемі бола бермейді деген пікір білдіреді [1, 50].

Экспрессия ұғымының синтаксиспен байланысы жөнінде орыс тіл білімінде біршама еңбектер бар болғанымен, қазақ тіл білімінде экспрессияның синтаксиспен байланысы әлі күнге дейін мамандардың назарынан тыс қалуда.

Синтаксистік құрылымдағы қандай сипаттар, қандай қолданыс, қандай единицалардың экспрессиялық реңк беретініне әлі күнге дейін баса назар аударылмауда. Сондықтан синтаксистің зерттеу міндеті - өзінің зерттеу нысанына алатын бірліктерді белгілеп алып, олардың экспрессияға



қатысын таразылау. Оның үстіне, экспрессияның жазбадағы көрінісі тыныс белгісі арқылы да берілетіндіктен тыныс белгілерінің қойылу жайттарына да тоқталуға тиіспіз. А.Ф.Прияткина өзінің "Об экспрессивности союза" деген мақаласында экспрессивті құрылымдар жайында сөз ете келіп: "Существует понятие и об особой сфере "экспрессивного синтаксиса", к которому относятся различные приемы построения текста — речевые преобразования языковых структур: сегментация, парцелляция, эллипсис", - дейді [2. 97].

Бұл жерде аталған бірліктер (единицалар), біздіңше синтаксистік экспрессивтік реңк беретін бірліктерін түгел қамтымайды. Біздің мақсатымыз - осы единицалардың экспрессияға қаншалықты қатысы бар екеніне көз жеткізу.

Экспрессивтік бояу одағай сөздерде өте айқын көрінеді. Мысалы: *Е, мен бір түк көрмеген меңреу ме едім сонша?* (Ғ.М.). Мәселен, қаратпа, қыстырма сөздердің кейбіреуінде айқын көрініп, енді бірінде солғындау көрінеді, одағайларда олай емес. Мысалы, адам көңіл-күйін көрсеткенде ғана оның жағдайына байланысты бірде бәсең, бірде айқын көрінеді.

Сөзімізді дәлелдей түсу үшін, *Апырым-ай! Қамарға әзірейіл шеңгелі тигендей тер онан да, мұнан да кетіп қалшылдап, қысылып оранып түсіп шалқалаймын деп басын бөренеге соқты* (С.Т. "Қамар сұлу" 74-б.). Осындағы "Апырым-ай" одағайы арқылы Қамардың қатты күйзелгеніне автордың өзінің де сезімі ұштасып кетіп жатыр. Апырым-ай одағайының астарында *"неге оны осындай күйге түсірді, осыншама адам баласына зұлымдық жасайды екен-ау"* деген ойлар жатқан секілді. Қамар жанының күйзелгені, қиналған жайын көріп, автор да қатты қиналады. Бұл жерде "апырым-ай" одағайын алып тастасақ сөйлемге әсерлілік беріп тұрған бірліктен айырыламыз.

Одағайларға -ау, -ай демеуліктерінің қосылуы арқылы оның әсерлілігін, бейнелілігін арттырады және де олар күрделенген одағайлар қатарына жатады.

1) *Ойбай-ай!... Болыс басымен әлі тосып отыр, әлі тосып отыр* (С.Т. "Қамар сұлу", 27-б).

2) *Ой, пірім, алла-ап! Мынау Қамар ма?* (С.Т. "Қамар сұлу", 33-б).

Одағайлардың қайталанып келуі арқылы жасалғанда, жоғарыдағыдай қасиетті аңғаруға болады

3) *Е-е-е! Тоқал, жалшы дегендер отпен кіріп, күлмен шығатын еді-ау!* (Ғ.М. "Дауылдан кейін", 230-б).

*"Е, бұзылып болды зой бұл жұрт деп ағайынға қашаннан бергі жараның қалыптасып, шайқалып бара жатқанын аңғартқысы келді"*, - деген сөйлемде "Е" деген одағайды алып тастасақ ешқандай да мағынаның өзгергенін байқамаймыз, тек адамның көңіл-күйінің қандай күйде тұрғанын, сөйлемге эмоциялық реңк беріп тұрған единицадан айрылып қаламыз. Екінші жағынан осы жерде өз кейіпкерін қандай күйде бергісі келгенін де «Е» арқылы аңғарғандаймыз.

Ескерте кететін бір жайт сөз басында немесе оқшау тұратын жоқ пен сөйлем мүшесі болып келетін жоқты шатастырмау керек. Сөйлем мүшесі болып келетін "жоқ" көбінде сөйлем соңында келеді.

1) *Бұл қағазға келгенде Абайдың айналасындағы топ сеніп қалған еді, бірақ Абай қынжылған жоқ* (Абай жолы, 320-б.).

Өлең жолдарында сөйлем мүшесі болып келетін жоқ сөйлем басында келеді. Бұлар тыныс белгісі арқылы ажыратылмайды.

Қыстырма және қыстырынды құрылымдардың экспрессивті қызметі

Қыстырынды сөйлемдер деп отырғанымыз – қыстырма сөйлемдердің ерекше бір түрі. Ол ХІХ ғасырға дейін қыстырма сөздер ретінде қарастырылып келеді. Және де бұл ХУІІІ ғасырда орыстың ірі құнды қағаздарында негізгі сөйлемде берілген ойды түсіндіру, ссылақ ретінде шығарманы дұрыс жазу үшін осындай сөз түрлері қолданылған. Ал тек ХХ ғасырдың 50-60-жылдарынан бастап, қыстырынды сөзді қыстырмадан бөліп алып қарастырса, 70-80-жылдары барлық тілдерде қыстырынды сөздердің құрылымын, функциялық-семантикалық ерекшеліктерін, дыбыс яғни интонацияға байланысты қыстырма сөздерден алшақтығын, олардың мәтіндерде қолданылуын зерттей бастады. Қыстырынды сөздердің пайда болуына мәтіндегі стильдік жанр тарихы үлкен әсер етті. Қыстырынды сөздер алғашқы кездерде газет, журнал беттерінде көбірек кездесті.

Қыстырма мен қыстырынды арасындағы айырмашылық мынада: қыстырма сөздер негізгі баяндалған оқиға желісіне байланысты айтушы адамдардың түрліше көзқарасын, өзіндік пікір, тұжырымын білдіріп тұрса, ал қыстырынды сөйлемдер сол тұтас сөйлемге не болмаса сондағы кейбір жеке сөздерге қосымша түсінік, ескерту жасай кету ыңғайында жұмсалады. Дәлірек айтсақ, қыстырынды сөйлем негізгі сөйлемдегі ойдың жанама түсініктемесі. Мына бір сөйлемдердің құрылысы мен ондағы синтаксистік құрылымдардың қызметіне назар аударып байқайық.

1) Оның айтқан мәліметтеріне қарағанда, біздер біраз күнде көмекші жәрдем алатын сияқтымыз (газеттен).

2) Мынау қабан сияқты адамның (Шоқан оны Әлібек деп жорыды) қимылы сол — Байқал қабанына ұқсайды (С.Мұқанов)

Негізгі сөйлемдермен синтаксистік қарым-қатынаста жұмсалғанымен де, мағыналық байланыстың көрінісі екі сөйлемде екі түрлі берілген. Алғашқысында сөйлемдегі негізгі ойдың желісі біреудің пікіріне байланысты жұмсалып келсе, екіншісінде жеке сөздің мән-жайы жол-жөнекей түсіндіріле, ескертіле айтылып тұр. Осыған орай екі сөйлемнің құрылысы да, ондағы синтаксистік конструкциялардың өзаралық мағыналық қарым-қатынастары да әр түрлі болып келген. Сондықтан осы тәріздес сөйлемдерді бір қалыпты аясында бірге қарастыруға бола бермейді. Әрқайсысы жеке-жеке синтаксистік категория ретінде өз алдына жеке талдауды қажет етеді. Соңғы тәріздес сөйлемдердің өз ерекшелігін ескере отырып, оларды "қыстырынды сөйлемдер" деп атаймыз.

Ал сөйлеуші өз ойын білдіргенде, бір нәрсенің жайын құр баяндап қоймай, оған өзінің қатынасын қоса білдіруі мүмкін. Ол қатынас әрқилы болады: сөйлеуші өз айтқанына күмәнданатындығын немесе сенетіндігін білдіре алады, немесе айтқан ойына байланысты өкінішін, ренішін, қуанышын, қуаттайтындығын қоса айтуы мүмкін, сондай-ақ ол ойды қорыта айтатындығын немесе оның кімнің тарапынан екендігін де білдіре кете алады. Қысқасы, сөйлемге осы сияқты сан алуан мағыналық реңктерді синтаксистік жолмен беру үшін қыстырма элементтер пайдаланылады. Бірақ бұл элементтер сөйлемнің белгілі синтаксистік жолмен беру үшін қыстырма элементтер сөйлемнің белгілі бес мүшесінің ешбіреуіне де жатпайды, олармен белгілі синтаксистік тәсілдердің (қиысу, матасу, жанасу, қабысу, меңгеру) ешқайсысы арқылы байланыспайды, сондықтан сөйлем мүшелерінің бірде-бір сұрағына жауап бермейді. Бірақ қыстырмалар не сөйлемде айтылған тұтас ойға, не оның белгілі бір мүшесіне қатысты болады, сондықтан олар да, сөйлем мүшелері сияқты айтылатын ойды білдіруге қатысатын қажетті, мәнді элементтер болып саналады.

Қыстырма сөз сөйлемге модальдік мән үстейді. Модальділік – айтылған ойға айтушының көзқарасын қоса білдіру. Модаль сөздің барлығы орыс тіліндегідей тек қыстырманың қызметін атқармайды. Сөйлем ішінде тек әр қыстырманың қызметін атқаратын модаль сөздер бар: *шамасы, албетте, зайыры, бәлкім, рас, анығында, шындығында* сияқты модальдық мағына беретін сөздер белгілі істі, қимылды мойындау, келісу шамасында ғана қыстырманың қызметін айтады.

Қыстырма сөз тіркестерінің ішінде тұрақталған түрлері және жақтық, шақтық, жекеше-көпшелік жағынан құбылмалы немесе басқа түсіндірме сөздермен жойылып кете алатын тұрақсыз тіркес бола алады. Тұрақты қыстырма сөз тіркестерінде: *сөз жоқ, не шара, амал қанша, амал не* т.б. тәрізділер жатса, тұрақсыздарға: *қорыта келсем* (қорыта келгенде, қорыта айтсақ, қорыта айтсам т.б.), *сорыма қарап* (сорыңызға қарай, сорыңа қарай).

Қыстырма сөз сияқты, сөйлем мүшелерімен синтаксистік белгілі тәсілдер арқылы байланыспайтын, сөйлем мүшелерінің сұрақтарына жауап бермейтін оқшау сөздердің тағы бір тобы бар:

1. Қойылған сұрақтар тура құптауды немесе айтылған ойға келісушілікті білдіретін *я, құп, жарайды, жаңсы, жөн, мақұл* деген.

2. Қойылған сұраққа тура қарсы жауап беретін немесе келіспеушілікті білдіретін *жоқ, қой* сөздері.

3. Амандасу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айтуды білдіретін сөздер.

Қыстырма сөз бен қыстырма сөздер арасында функционалдық, грамматикалық, генетикалық айырмашылықтары бар.

Мысалы, қыстырма сөзде айтушының хабарлап тұрған фактімен тікелей қарым-қатынаста болады. Оны мынадай варианттарға бөлуге болады:

1) Автордың түрліше сезімін қуанғанын, қайғырғанын, таңданғанын, өкінішін, сенімін т.б. білдіретін қыстырма сөздер болады. Мысалы:

1) *Айтпақшы, сізге айтуға ұмытып кетіпін* (А.ж. 132 б).

2) *Рас, сен сүйдедің. Соны айтып ойнадың!* — *дей берді* Ербол (а.ж. 545 б.).

Қыстырынды сөздерде жақшамен қатар үтір, сызықша қолданылады. Бірақ олар жақша сияқты емес, сирек кездеседі. Сызықша арқылы бейнеленген қыстырынды сөздер сөйлем соңында келсе, олар өздерінің қыстырындылық қасиетінен айрылып қалады. Сондықтан олар көбіне сөйлем басында, ортасында келеді. Мысалы:

1. *Үлкен үйге кішкене кілт жол ашатын сияқты, үлкен іске көбіне кіші іс кілт болады, кіп-кішкене ұшқынан үп-үлкен өрт шығады* (А.Б.).

2. *Ақсақ Темір әулеті — жауынгер шалдың өзі мен немересі Ұлықбектен өзгесі - мұсылманшылыққа берік болғанға ұқсайды* (Т.Ахтанов).

3. *Бұдан елу жыл бұрын - мың тоғыз жүз отызыншы жылдың жаз айы - мамырдың орта шені болатын* (С.Жүнісов).

Негізінен қыстырынды сөзде тыныс белгілерін таңдауда мынадай байланыстар болатын сияқты:

а) тексттің мазмұнында автордың негізгі ойды беруге тырысуы;

ә) негізгі мағынаға мазмұндық жағынан жақын болуы;

б) қыстырынды сөздердің синтаксистік құрылымының күрделі болуы;

Жалпы, қаратпа, қыстырма, одағай сөздердің экспрессивтік қасиеті көркем әдебиеттерде шығармашылық көркемділік дәрежесін биіктетуде, яғни шығармадағы образдар арасындағы қарым-қатынасты әсерлі көрсету мақсатында образ табиғатын мейлінше жан-жақты ашуда оқшау сөздердің қолданылуы қызметінің аясы кеңейіп, жаңа мағыналық роль атқара бастады.

Сонымен бірге экспрессивтік мән бар оқшау сөздер де бірдей болмайтынын анықтады. Одағайлар мен қаратпаларда айқын көрінсе, қыстырмаларда әлсіз көрінеді.

Тіл білімінде "үстеме құрылымдар" және "парцелляция" деген ұғымдар бар. Бір қарағанда, бұл ұғымдар бір-біріне ұқсас келеді. Бұларға жеке-жеке берілген анықтамалар да көп. Бірақ бір-бірінен ерекшелене қоймайды.

Тіл білімінде парцелляцияға байланысты бірізді тоқтам жоқ. Зерттеушілер мұны парцелляция құбылысының көп қырлылығымен байланыстырады. Және бұл мәселеге зерттеушілердің өздері әрқилы көзқарас тұрғысынан қарайтындығынан болса керек. Біздің қазақ тіл білімінде осы мәселе бойынша бірді-екілі ғана мақалалар жарыққа шыққан. Осыған орай қазақ тіл білімінде бұл мәселе жан-жақты зерттеле қойды деп айту қиын.

Қай анықтамаға үңілсек те, біздің байқағанымыз – парцелляция – белгілі бір информациялық жүкті арқалап тұратын, белгілі бір информацияға негізделген, базистік сөйлемдегі ойды нақтылаушы, айқындап анықтаушы, толықтаушы, пысықтаушы қызметін атқаратын, базистік сөйлемнен белгілі бір тыныс белгісі арқылы ерекшеленген синтаксистік түзілім [3. 386]. Осы ерекшелену арқылы ол оқырманның назарын аударып, өзгеше бір экспрессиялық сипатқа ие болып тұрады.

Қалай десек те, бертінге дейін тіл мамандары парцелляцияны үстеме құрылымның бір түрі деп танып келген. Бұлай деп тануының қиысыны да бар. Біріншіден, сыртқы тұлғасы жағынан ұқсас болып келуі; Екіншіден, берілген анықтамаларда бұлардың айырмашылықтарын нақты тілдік дәлелдер арқылы ажыратуды көздемеген сияқты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұрмұқанов Қ. «Сөз және шеберлік». Алматы, 1987.
2. Прияткина А.Ф. «Об экспрессивности союза». Москва, 1983.
3. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. «Словарь-справочник лингвистических терминов». М.: 2001.

#### **РЕЗЮМЕ/RESUME**

**Абдрахманов Рустем Хасенович**

**Частное учреждение Академия «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан**

**Абдуалиева Замзя Нургазиевна**

**Скакова Ляззат Амангельдиевна**

**КГУ «Общеобразовательная школа имени Бауыржана Момышулы» отдела образования Балхаш, Республика Казахстан**

#### **ЭКСПРЕССИВНОСТЬ ПЕРЕДАВАЕМАЯ СИНТАКСИЧЕСКИМ ПУТЕМ**

С статье рассматривается проблемы передачи экспрессивности в синтаксисе. Объектом исследования взяты междометия, вводные слова, вставные конструкции, а также присоединительные конструкции. Экспрессивность является общим признаком вышеназванных синтаксических конструкций. Авторами указаны экспрессивность этих синтаксических конструкции в разных позициях предложения, а также сходства и различие их.

**Ключевые слова:** закономерности, случайности, устный перевод, документы, государственный язык, делопроизводство, официальные, стиль, требования.

**Abdrahmanov Rustem Khasenovich,  
Private institution "Academy" Bolashak ", Karaganda, Republic of Kazakhstan  
Abdualieva Zamzya Nurgazievna  
KGU "Comprehensive School named after Bauyrzhan Momyshuly" of the Education  
Department Balkhash, Republic of Kazakhstan  
EXPRESSIVENESS CONVEYED SYNTACTICALLY**

The article devotes expression ways of given. The adverbs, conclusion, undes structures like base objects have been putting. Their likes as and differences had shown. The expression is these syntaxis structures middle opinion. The author had showing these problems.

**Key words:** expression, vocabulary, patterns, sentence, word, structures, insertion, bonded word, linguistics, parceling, overhead structures

**List of used literature:**

1. Nurmukanov K. "Words and Art." Almaty, 1987.
2. Priyatkina A.F. "About expressivity union". Moscow, 1983.
3. Rosenthal D.E., Telenkova M.A. "Dictionary-reference linguistic terms". M.: 2001.

ӘОК 392.81

ҒТАР 17.71.91

**Әбілқасов Ғабиден Мәжитұлы**

gabi.altai1970@mail.ru

**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы**

**Абдиманова Қуралай Калиаскаровна**

kuralay1970@mail.ru

**№ 81ЖББМ мұғалімі, Қарағанды, Қазақстан Республикасы**

**Абылқасова Гульзада Мажитовна**

abylkasova.gulzada@mail.ru

**№ 81ЖББМ мұғалімі, Қарағанды, Қазақстан Республикасы**

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА САЛТ-ДӘСТҮРДІ ОҚЫТУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қазақ халқының салт-дәстүрлерін оқыту әдіс-тәсілдері қарастырылған. Халықтың тамыры – салт - дәстүр, әдет - ғұрып. Бала тәрбиесіне, жалпы, адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі - қазақ халқы. Қазақ халқының бай қазынасы, мұраларының бірі оның ежелден мұра болып кележатқан салты мен дәстүрлері.

**Тірек сөздер:** салт-дәстүр, әдіс-тәсілдер, бала тәрбиесі, әдет-ғұрып, тіл дамыту, ұлттық құндылықтар, ғасырлар бойы, қазақ халқы.

Ұлт болашағы - ұлттың тілін ұлықтаған ата - баба дәстүрімен туған тілде сусындаған, елінің тілін, мәдениетін білетін ұрпақта. Өсер ел ең алдымен тілін, мәдениетін құрметтейді. Тілімізді, мәдениетімізді құрметтеп, мәртебесін биікке көтеру өз ұлтымыздың алдындағы перзенттік борышымыз. Ана тіліміздің өмірдің барлық саласында тамырын тереңге жіберіп дамуына, беделінің жоғары болуына қызмет етіп, өз үлесін қосу әрбір Қазақстан азаматының басты парызы. Адамзат өмірге келгенде оның үш нәрсесі: Ата-анасы, Отаны, ана тілі болатыны сөзсіз[1,112].

Әрбір азамат сол ұғымдарды өмір бойы қастерлеуге, оған сүйіспеншілікпен қарауға міндетті.

Қазақстан – бүгінгі күні әлемге танылған ел. Бұл Елбасымыздың даналығының, жүргізіп отырған салиқалы саясатының, көрегендігінің нәтижесі деп білеміз. Осындай мемлекетте өмір сүріп жатқанымызды мақтан тұтып, бүгінгі әлеуметтік, саяси, мәдени мәселелерді бірігіп шешуге бар күш - жігерімізді жұмсаудағы ең бастапқы қажеттілік - ұлттық рухымызды қалыптастырып, ана тіліміздің мәртебесін арттыру.

Тіл - елдің мәдениеті мен әдебиеті өсіп - өніп, отбасындағы тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел - жұрттың, жалпы мәдениеттің арнайы құралы - ғылымның атаулы саласы екендігі даусыз[1,94].

Мәдениеттің бастауы тілдің пайда болуымен тұспа - тұс келеді. Тіл -адами нақтылықты адамзаттың тіршілігі өтіп жатқан әлем ретінде жасайды. Сонымен қандай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс - бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгісі - тілі мен



мәдениеті. Жалпы айтқанда, оның ішінде ұлттың болмысын айқындайтын нақ белгісі қазақ халқының салт-дәстүрлері. Ел тәуелсіздігінің ең басты айшығы, белгісі - оның ана тілі мен ұлттық мәдениеті.

Тіл - адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын құбылыс. Кез келген мәдениеттің өзегі - тіл.

Тіл мен мәдениет - қазақ халқының, яғни ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Елбасының: «Мәдениеті жоғары, тарихи танымы орнықты, ойы сергек елдің рухы да биік. Рухы биік халықтың іргесі берік, әлеуеті қуатты, ынтымағы да жарасты болмақ»-деген сөзінің астарында рухы биік қазақ халқы қасиетті туған жерінің бүтіндігін бұздырмайды, елінің іргесін сөкптірмейді, қайтсе де Тәуелсіздігін сақтайды деген кіршіксіз сенім жатыр.

Өркениетті ұлт, ең алдымен тілімен, мәдениетімен, тарихымен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті, тілі арқылы ғана басқаға танылады.

Тіл, мәдениет - мұның барлығы адамның символдық болмысының формалары. Оған тек қана өзінің жаратушысы ғана емес, сонымен қатар, оның мән - мағынасын, астарын ұғынған ғана қол жеткізе алады. Адамның символдық әлемінің философиясы адамның философиялық антропологиясын табиғи жалғастыру болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі аз уақыт ішінде қазақ халқының қол жеткен табыстары айтарлықтай. Бүгінде Қазақстан экономика, мәдениет, ғылым салаларындағы табыстарымен қатар, тіл мәселесіне ерекше көңілі бөлетіні қуантарлық жайт.

Тілдің мәдени қызметін қарастыратын болсақ, адамзат баласы үшін атқарар қызметі мол тілді әрі таза, әрі өткір, ұқыпты, терең дүниетанымдық дәрежеде қолдана білу - үлкен мәдениеттің нышаны[1,87].

Тіл мәдениеті - тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі, сонымен қатар, ол - тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық, тілдік тәсілдерді дұрыс қолдану дағдысы. Тіл мен мәдениет - егіз дегенде, ең алдымен біздің көз алдымызға аса бай рухани және материалдық мәдениеттің тілдегі бейнесі ретінде қалыптасып, халық жадында, санасында сақталып, олардың игілігіне жарап, елеулі қызмет атқарып келе жатқан мындаған, миллиондаған жай сөз, сөз тіркесі түріндегі мағыналық бірліктер елестейді. Қазақ - дәстүрі бай және оны қатаң сақтайтын халық. Туған халқының мінез-құлқы, наным-сенімін жете зерделеген ғұлама Ахмет Байтұрсынов қазақтың құдайдан кейінгі қорқатыны дәстүр бұзушылық екенін айтады. Қазақтың туыстық, құда – жекжаттық, той-томалақ өткізу, үлкенді, ата-ананы құрметтеу, қыз ұзатып, келін түсіру, шілдехана, тұсау кесу, жүйелі сөзге жығылу, тоқтау, обал-сауап, дастархан басында ақ бата беру, шаңырақ, қонақ сыйлау, т.б. салт - дәстүрлерінде қаншалық адамгершілік, ізгілік, көрегендік, мейірбандық пен парасаттылық жатыр[2,45].

Рас, кешегі кеңес заманында халықты ұлттық жадынан, тілінен, төлтума мәдениеті мен діни нанымынан қол үздіруге бағытталған зымиян саясат жүргізілді. Соның салдарынан қазақтың бірнеше ұрпағы, осы күнгі егде, қарт кісілеріміздің көпшілігі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізден бейхабар болып қалғанын баршамыз білеміз. Оқу-тәрбие орындары болмаса, қазіргі отбасы, ата-аналар салт-дәстүр жөнінен ұл-қыздарына толымды тәрбие беруде білімдері, тілі жағынан қиындық көруде. Қазақты қазақ етіп, ұлтымызды ұлт етіп келген және солай болып қалуға тиісті ата салт, асыл дәстүрімізді, шала, шалағай ортада кездесіп жүргендей, қолжаулық етіп, сөз алдарға ғана қолданып, құнсыздандыруға немесе өңін айналдырып, рухына жат «жаңа замандық» жамаулар жамап боямалауға, әрине болмайды.

Өткен тарихқа көз жүгіртсек, халқымыз ата-бабаларының жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қазынасын жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланған, бала тәрбиесіне ерекше мән бере, үміт арта сергек қараған. Осы мақаламызда қазақ халқының бата беру дәстүріне де қысқаша тоқталып өткенді жөн көрдік.

Ежелден келе жатқан сөз өнерінің бір түрі – бата сөздер. «Бата» деген сөздің өзі бір істің бастауы, ашылуы, кіріспесі дегенді білдіретін араб сөзі. Мұсылмандардың қасиетті кітабы, «құранның» сөзі бата деген сөзден яғни «фатиха» сүресінен басталады. Халқымыз «Жаңбырмен – жер көгерер, батамен ер көгерер» - дейді. Мысалы: «Жортқанда жолың болсын жолбарыстай, топты жарып жүре бер жолды бастай». Үлкен ақсақалдар, ел ағалары, үлкен той-томалақтар да: атап айтатын болсақ қазақ халқының ұлттық дәстүрге толы мерекелері шілдехана тойында, тұсаукесер тойында, баланың тілашар тойында немерелеріне арнап бата береді. «Алтын алма - бата ал, бата да алтын емес пе» - деген қазақта керемет сөз бар. Бата халықтың наным-сенімімен, дүниетанымымен, дәстүрлік ырым, салт-жораларымен де байланысты. Соған орай дастарқан басында отырған жасы үлкен ер азаматтар шама-шарқы жеткенше көркем тілімен, әуелі өлеңді ұйқаспен өздерінің

жүрекжарды ақ бата тілегін айтып, үй иесіне де ризашылығын, рахметін, алғысын білдіріп жатады. Қазақтың дәстүрлі тойы үстінде құрметті қонақ, ел ағасының, досының немересіне арнап берген ақ батасына назар аударайық:

Көтерейік білекті,  
Берейін тойда бүгінгі,  
Немереңе кішкентай  
Ақ бата – сөзім тілекті!  
Айналайын немерем,  
Азамат бол өркендеп,  
Ер тұлғалы жүректі.  
Жігіт бол балам талапты,  
Жақсы оқы, біліп сабақты!  
Білім қуған талайдың,  
Арайлап жарық таңы атты!  
Маңайыңа әрдайым,  
Жақсыларды жинай біл!  
Өзіңнен үлкен жастары,  
Ата – әже, ата – анаң,  
Аға ұрпақты құрметтеп,  
Сіз деп әркез сыйлай біл!  
Жаман бала болмағың,  
Жақсыларды құрметтеп,  
Істерін әр кез қолдағың!  
Сапарың сенің оң болсын,

Жортқанда балам жол болсын! Қазақ халқы үшін бата – ол өсиет, бата – өнеге, бата – ізгілік, бата – қасиет! «Баталы құл арымас» - деп те айтқан халқымыздың керемет сөзі бар емес пе. Әр халықтың құнды дүниесінің бірі, әрі бірегейі – оның мәдени мұрасы. Мыңдаған жылдардың тарихын таңбалап, өткен күннен белгі болып қалған тарихи - мәдени ескерткіштер, жазбалар, кешегі күн – бүгінгі тарихтан қандай да бір сыр шертегін деректер – баға жетпес асыл қазынамыз [3,112]. Ғасырлар арасын жалғастырып, алтын көпірге айналған мұраларымыз жоқ емес, жетерлік. Міне сол асыл мұраларымыздың бірі де, бірегейі ол – ақ бата сөздер. Ақын Қадыр Әл-Мырзаның айтқан бір аталы сөзі бар ғой осы бата туралы: «Ешбір орден жетпейді, ешбір атақ, қарапайым қазақтың батасына» деген. Керемет сөз ғой шіркін. Әрине кешегі мен бүгінді, бүгін мен болашақты сабақтастырған бұл қазынаның орны қашан да ерекше екені де баршаға аян. Әр мәдениет көрінісінің жарқын келбеті болған мұраларымызды келер ұрпаққа аманаттау – әрқайсысымыздың қасиетті борышымыз. Адамзаттық ұлы мәдениеттің негізін сан түрлі, сан бояулы ұлттық мәдениеттер құрайды. Ұлттық мәдениет негізін сол ұлттың алғашқы шаруашылық ыңғайы мен ата кәсібі арқылы қалыптасқан дәстүрлі тарихи мәдениетінен іздейді. Ал қаламгер Дидахмет Әшімханұлының тілімен айтатын болсақ:

Мәдениет – кең ұғымды, мол пішінді, терең мазмұнды дүние.

Мәдениетке жанашырлық – туған тілге жанашырлық.

Мәдениет дегеніміз – біздің Адам екенімізді айғақтайтын басты атрибут.

Мәдениет дегеніміз – адамгершілік, имандылық.

Мәдениет – ұлттың рухы.

Мәдениет – білімде ғана емес, біліктілікте.

Мәдениет – зиялы деген атауда емес, иман ұялаған инабатты бетте.

Мәдениет – ақиқат пен шындықта.

Мәдениет – елді, халықты, ұжымды басқаруда емес – елді, халықты, ұжымды сыйлауда, олармен санасуда [4,115].

Мәдениет – баршамызға ортақ дүние. Ендеше, баршамыз жабылып, мәдениетті, төл мәдениетімізді көтеруге жұмыстанайық!

«Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді - кішілі үлесімен мақтанады.

Қазақ дәстүрлерінің мақтаншы бола алатындай қасиеттер: үлкенді сыйлау, ата-ананы ардақтау, қонақты құдайдай күту, бауырмалдық, ақкөңілдік, жомарттық, қанағатшылдық сынды қасиеттерді баулуға негізделген салт-рәсім, әдет-ғұрып, жөн-жоралғылар.

Салт-дәстүр әлеуметтік ақпараттың жинауымен сақтауының және ұрпаққа жеткізілуінің құралы болғандықтан, осы салт-дәстүрде жинақталған ата-бабалар өмір тәжірибесі арқылы қоғам өзінің даму деңгейіне байланысты қажет ақпаратты иемденіп, өзінің іс-әрекетінде, тұрмыс-салтында ұстануы хақ. Келешегімізден үмітті болуымыз үшін, жас ұрпақ өткенді, ата-баба мұрасын білуі қажет және салт-дәстүрін жоғалтпай сақтаса, осындай белгілер әрбір ұлттың стратегиялық мақсат - мүддесі болуы тиіс.

Бізге керегі, өзіміздің салт-дәстүрімізге, әдет-ғұрыпымызға, мінез-кұлқымызға жақын салауатты өмір салты. Салауатты өмір салты орнықса толыққанды ұлт болып өркендей аламыз. Себебі, өмір болған жерде оның құрамды бөлігі - салты болады және ол адам өмірінің айнасы.

Мектебіміздің орыс сыныптарында қазақ тілінде сөйлеу дағдысы қалыптасқан, өзіндік сөздік қоры бар талапты оқушылардың сөйлеу тілін одан әрі дамытуда, қазақ тілін оқытуда тіл дамыту жұмыстарын салт - дәстүрге арналған мәтіндер мен мақал - мәтелдер, ұлттық салт - дәстүрмен мәдениетке байланысты өлең - жырлар арқылы ұйымдастырудың мәні зор.

Оқытылуы орыс тілінде жүретін мектеп оқушыларына қазақ тілін оқыту барысында біздің басты мақсатымыз қазақтың салт-дәстүрін үйретіп, жастарға өнегелі тәрбие беру. Қазақтың ұлттық құндылықтары салт-дәстүрін ардақтап насихаттау. Ұлттық салт - дәстүр мен әдет - ғұрып дегеніміз ұлттық мәдениеттің негізі.

Ел намысын білемісің қарағым?

Ашып қара тарихтың әр парағын [5],

Өткенінді, өшкенінді танысаң,

Еш қадірі кете қоймас жаңаның.

Ел намысын көтеріңдер, ту етіп,

Салт-дәстүрін құрметтеңдер бабаның! – деп Айтақын Әбдіқал жырлағандай, баршамыз қазақи құндылықтарымызды, салт- дәстүрлерімізді аялап, сақтай білейік .

Ұлттық салт - дәстүр мен әдет - ғұрып сол ұлтты құрайтын халықтардың ата-бабаларының халық болып қалыптасу жолындағы бүкіл өмір тәжірибесінен сан ғасырлар бойы тірнектеп жинап, тіршілік тезінен өткізіп, бір жүйеге келтірген өмір сүру заңдылығы. Қатал тіршіліктің қағидаларынан қорытып, уақыттың өзі бекітіп берген конституциясы. Халықтың тамыры – салт - дәстүр, әдет - ғұрып. Бала тәрбиесіне, жалпы, адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі - қазақ халқы. Оның тәрбие - тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектерін жазып шығу үлкен еңбек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті / Ғылыми мақалалар жинағы. -Алматы: «Зият Пресс» баспасы, 2004.
2. Кәмәлашұлы Бикұмар. Қазақ халқының туыс - туғандық жүйесі. -Алматы: Өнер, 2005.
3. Ісләмжанұлы Кенжехан «Қазақтың отбасы фольклоры».(монография) -Алматы: «Арыс», 2007. -332б.
4. Нығмет Ж.Н. Қазақ тілі хрестоматиясы.- Алматы: Білім баспасы- 2003.
5. Қазақ әдебиеті газеті.№ 37 – 08.09.2017

#### **РЕЗЮМЕ/RESUME**

**Абылқасов Габиден Мажитович**

**Карагандинский технический университет им. Абылқаса Сагинова, Караганда, Республика Казахстан**

**Абдиманова Қуралай Калиаскаровна**

**Абылқасова Гульзада Мажитовна**

**СОШ № 81, Караганда, Республика Казахстан**

#### **МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ТРАДИЦИЙ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

В статье рассматриваются методы преподавания традиций казахского народа на уроках казахского языка и литературы. Корни народа – это обычаи и традиции. Казахский народ – один из народов, создавших успешные принципы и правила воспитания детей и человека в целом. Одним из богатых сокровищ и наследий казахского народа являются его обычаи и традиции, унаследованные с древних времен.

**Ключевые слова:** традиции, методы, воспитание детей, обычаи, развитие языка, национальные ценности, на протяжении веков, казахский народ.

**Abylkasov Gabiden Mazhitovich**  
**Karaganda Technical University named after Abylkas Saginov, Karagandy, Republic of Kazakhstan**  
**Abdimanova Kuralai Kaliaskarova**  
**Abylkasova Gulzada Mazhitovna**

**Teacher of secondary school No. 81, Karagandy, Republic of Kazakhstan**

#### **METHODS AND METHODS OF TEACHING TRADITIONS IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS**

The article discusses the methods of teaching the traditions of the Kazakh people in the lessons of the Kazakh language and literature. The roots of the people are customs and traditions. The Kazakh people are one of the peoples who have created successful principles and rules for raising children and the person as a whole. One of the rich treasures and heritages of the Kazakh people are their customs and traditions inherited from ancient times.

**Keywords:** traditions, methods, parenting, customs, language development, national values, over the centuries, Kazakh people.

#### **List of used literature:**

1. Kazakhtyn dastyrlı madenieti / Gylym maqalalar zhinagy. -Almaty: "Ziyat Press" baspasy, 2004.
2. Kamalashuly Bıqımar. Kazakh halkynyn tuys - tugandyk zhyyesi. -Almaty: Oner, 2005.
3. Isləmzhanuly Kenzhekhan "Kazakhtyn otbassy folklore" (monograph) -Almaty: "Arys", 2007. -332b.
4. Nygmet Zh.N. Kazakh tili anthologies. - Almaty: Bilim baspasy - 2003.
5. Kazakh adebiteti newspaper. No. 37 - 08.09.2017

ӨОК 811.58

ҒТАХР 10.02.22

**Мәнетай БӘДЕЛХАН**  
**manatay@bk.ru**

**Қарағанды Е.А. Бөкетов университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы**  
**Абдрахманов Рүстем Хасенұлы**

**«Bolashaq» академиясы жеке меншік мекемесі, Қарағанды, Қазақстан Республикасы**

### **ҚЫТАЙ ИЕРОГЛИФТЕРІНІҢ ӨЗГЕШЕЛІГІ МЕН ТАРИХЫ**

Бұл мақалада Қазақстанда көптілді меңгер кезеңінде қытай тілін оқытудың маңыздылығы мен ерекшелігі туралы айтылған Қытай тіліндегі аса күрделі мәселенің бірі Қытай иероглифтерін еске сақтау және әр иероглифтердің шығу тарихын білу. Иероглифтердің әр даму кезеңдерін еске сақтау қажеттігі қарастырылған.

**Тірек сөздер:** иероглиф, иероглифтік жазба, иероглифтерді реформалау кезеңдері, иероглифтердің даму жолдары, қытай иероглифтері.

Қытай иероглифтері - әлем халықтарының әр қилы жазбаларының ішінде ерекше және өзгеше. Ертеректе иероглифтер 3500 жыл бұрын пайда болған деп саналған. Кейбір ғылымдар иероглифтер 6000 жыл өмір сүріп келеді дейді «Иероглиф» - сөзі грек сөзінен шыққан. Оның бірнеше мағынасы бар. Бірінші мағынасы «тастарда қашалған ұлы хаттар». «Иероглиф» түсінігі және «Иероглиф жазбалары» кең ұғым алады және оның мағынасы ежелгі грек ғана емес, басқа да соның ішінде қытай, египет, маия, ассири-вавилон жазбалары бейнеленеді, бірақ бұл елдердің бәрінде иероглиф тек тарихи жазба болып қалады, ал қытай иероглификасы қазірге дейін дамып, жанарып қолданылып келе жатыр. Шамамен қытай тілінде 60 000 жуық иероглиф бар десек, соның ішінде 47 мыңнан астамы әйгілі Канси сөздігіне енгізілген. Оның ішінде 3000 –нан астамы бұқаралық қолданыста орын алады. Иероглифтік жазудың қытай қоғамының дамуына әсері аса зор. Иероглифика қытай халқының аса дана және ғажап мәдениеті мен өнерінің ажырамас бір тармағы болып табылады. Иероглифтік жазбаның арқасында мыңдаған жылдар бұрын жазылған шығыс мәдениетінің дамуы жөнінде деректердің бай қоры бар әдебиет естеліктері, көне қытай философтарының ойлары бүгінге дейін сол қалпында сақталып отыр, Қытай иероглифі шегі жоқ сызықтардың түсініксіз жиынтығы емес, оның өзіндік жүйесі бар. Иероглифтік жазба ойдың жан-жақты және көп тармақты мағынасын беріп қандайда бір ойды тереңнен түсінуге мүмкіндік береді. Иероглифтік мәтіннің ең бір ерекшелігі, мұнда сөздің мағынасы нақты бір қалыпта емес, ұқсас мағынада немесе қарама-қарсы мағынада берілуі мүмкін. Сондықтан да қытай мәтіндерін оқу барысында адам терең ойлауға еріксіз мәжбүр болады. Иероглифпен берілген сөз көп қырлы



сондықтан да оған бір жақты қарауға болмайды. Иероглифтік жазбаның бұл ерекшелігі уақыт өте келе жазбаның нақты мағынасын түсінуге көптеген қиындықтар туғызуда. Мыңжылдықтар бойына иероглифтік жазуды меңгеру шектеулі адамдарға ғана мүмкін болған бұған себеп тек әлеуметтік жағдай ғана емес сондай-ақ оның қиындығы да себеп болған. Бұл қиындықты жеңу үшін кітаптан бас көтермей ұзақ жылдар еңбектену керек болған. Көне классикалық білімнің негізгі мақсаты оқушыларды кітап сүйгіштікке тәрбиелеп, екі немесе үш мыңжылдықтың кітабын оқи алуға, сондай-ақ көне тілде жаза білуге тәрбиелеу болған.

В.С.Колоковтың зерттеулеріне сүйенсек, «Да Сюэ («Ұлы білім») көне қытай мектебінде «Төрт кітаптың» бірінші кітабын меңгеріп болған оқушы есінде 400 иероглифті, 63 белгіні және Конфуций кітаптарынан 24 нақыл сөзді жатқа білген».

Осы қиындықты жеңе білген оқушылар ғана оқымысты атағын алған, сондай-ақ олар қытай жазбасын жеңілдеткеннің орнына оны қиындата түскен. Иероглифті тылсым күшке ие ғылымның шегіне жеткен адамдар ғана игере алатын қасиетті жазба болып есептелген. Иероглифтік жазбасы бар қандай да бір зат болмасын қасиетті болып есептелген. Егер де иероглифтік жазбасы бар қандайда бір қолжазбаны жерге тастаған болса бұл үлкен дөрекілік немесе заңға қайшы келу болып табылған.

Қытайлықтардың тарихи дәстүрінде қытай жазуының шығу тарихы туралы бірнеше аңыздар бар. Ежелгі философиялық және тарихи ескерткіштердегі мәтіндерге сүйенсек, б.д.д. XXV ғасырда Цан Цзе деген бір адам болған екен. Ол «гувень» деп аталатын иероглифтік белгілерді табиғатта болатын құбылыстарға қарап шығарып отырған екен. Ол күнге, айға, ағаштарға, отқа, тауларға және құстардың жерде қалдырған іздеріне қарап жаңа белгілер шығарған. Осыған байланысты алғашқы иероглифтер «няоцишу» яғни «құстар іздерінің белгілері» деп аталған. Иероглифтердің басқа аты «кэдоуцзы», яғни «итшабақтық жазу». Аңыз бойынша Цан Цзенің төрт көзі болған екен, ал ол иероглифтерді ойлап табу процесі кезінде «аспаннан жаңбыр тәрізді арпа жауатын, ал түнде аруақтардың дауысы естілетін».

Цан Цзенің жазуы туралы аңыз иероглифтер пиктограммадан-заттардың тікелей бейнеленуінен шыққандығына дәлел болады. Иероглифтік жазудың шығу тарихында тағы бір аңыз бар б.д.д. XIX ғасырда билік еткен Фуси деген мифологиялық билеушінің есімімен байланысты. Халық қиялы Фуси жазу белгілерін Хуанхэ өзенінде ұшатын айдахардың арқасында көрген таңғажайып суреттер мен белгілердің үлгісі бойынша шығарған екен деп баяндайды. Басқа нұсқа бойынша Фуси жазуды құстардың құмдағы қалдырған іздері негізінде шығарған. Бұл аңыз Цзе туралы аңызбен үндес болып келеді. Басқа аңыздар бойынша иероглифтік жазуды Сюань Юань деген императорға Хуанхэ өзенінен шыққан тасбақа үйреткен. Сонымен иероглифтер қайдан пайда болған? 1899 жылы Аньян қаласы маңындағы Сяотунь ауылында шаруалар жер жыртқанда әр түрлі белгілер ойылған тасбақалардың панцирлері мен жануарлар сүйектерін тапқан. Шаруалар оларды «айдахардың сүйегі» деген оймен «дәрі» жасауға пайдаланады. Бірақ сонынан олар қытай династияларының нағыз тарихи архиві - буци бал ашу жазулары екендігі анықталады. Бұл бу иероглифтің бастапқы мағанасы қазірге дейін сақталып келеді.

Цзягувень деп аталатын бал ашу сүйектерінің белгілерінің сараптамасы бойынша, иероглифтер сол кезде-ақ пайда болып және қалыптасуына үлкен тарихи кезең кеткен, жақсы дамыған иероглифтік жүйе бар болғаны туралы айтуға болады. Инь жазуларының иероглифтері итшабақ тәрізді жазу ретінде графикалық даму алды. Қытай әдебиеттерінде итшабақ тәрізді жазу Чжоу династиясының (б.з.б. 1066-771 ж.ж.) бастапқы кезеңінде қолданылғаны туралы айтылған. Әр иероглиф үстіңгі жағында үлкейтіліп, ал астыңғы жағы біртіндеп кішірейіп итшабақ түріне ие болады.

Ғалымдардың айтуы бойынша иньдіктердің алдындағы кез тастан жасалынған қарулар кезеңі, қоланы балқыту енді ғана қалыптаса бастады. Чжоу империясының кезеңінде бұл әдіс ең биік шыңына жетті: қоладан әр түрлі қару, құрбандық шалатын ыдыстар жасалынды ... Қоладан жасалынған ыдыстардағы жазу цзиньвень деген атқа ие болды. Ыдыстардағы иероглифтік белгілер бал ашу сүйектеріндегідей. Ой ауқымы үлкейді, лексикасы өзгерді, тілдің грамматикалық жүйесі жетілді, бірақ иероглиф графикасы дегендей өзгерген жоқ.

Иероглифика жайында айтқанда, каллиграфия туралы сөз қозғамау қиын. Грек тілінен аударғанда бұл сөз «әдемі жазу» деген мағына береді. Қытайлықтар үшін танымал шебердің қолынан шыққан каллиграфиялық жазу - тек сызықтардың сұлулығы, мағына тереңдігімен құмарлану ғана емес, сонымен қатар автордың көңіл-күйі мен ойларын түсіну.

Бүгінгі таңда Қытайдың иероглификалық жазуы жазбаша тіл орындауға тиіс қоғамның талаптарын өтейтін өзгеше және бір ғана жазу түрі болып табылады. Осыған дейін иероглификалық

жазудың реформасы, оны фонетикалық жазуға өзгерту туралы сөз бірнеше рет қозғалды. Қытайдағы «4 май қозғалысынан кейін иероглифтік жазуды реформалаудың алғашқы қадамы басталды. Сондай-ақ Мин Го (1911-1949-жылдардағы Қытай Республикасы) дәуірінің 20-жылдары иероглифтердің қосымша бөліктерін негіз еткен «транскрипциялық алфавитті» қолдану мәселесі көтерілді. 30-жылдарға келгенде бүкіл қытай көлемінде латын алфавитіне бейімделген жана алфавитті жалпыластыру үрдісі кең өріс алды. Сол кездегі Гуоминданға (ұлттық партияға) да, коммунистік партияға да қарасты аудандарда бұл үрдіс өз жалғасын тапты. Бірақ оның халықтық негізі әлсіз, оның үстіне ол кезде жапонға қарсы соғыс басталып кеткендіктен бұл іс осымен тынды.

Жаңа Қытай үкіметі орнағаннан кейін, Мау Зыдонның «Қытай тілі де әлем тілдерімен бір бағытты – дыбысты жазу бағытын ұстануы керек» деген идеясының ықпалымен, Қытай елі өз жазуын реформалау жолына нақты қадам басты.

50-жылдардың басында «Қытай тілінің транскрипциялық жобасы» бекітіліп, иероглифтерді оңайландыру (ықшамдау) жобасы ортаға қойылды. Соңынан жазуды реформалау комитеті құрылды. Қытай тілінде транскрипциямен жазылған газет-журналдар шықты. Мәдениет төңкерісі кезінде жазуды реформалау ісі тіпті де тез қарқынмен жүргізілді. Иероглифтер тағы да ықшамдалды. 70-жылдарда компьютер қолданысқа ене бастады да, иероглифтерді компьютерге енгізу шешімін таппаған мәселеге айналды. Сондықтан кейбіреулер иероглифтерді ерте бастан қолданыстан шығарып, қытай тілінің транскрипциялық жобасын дыбыстық жазуға өзгертіп, бүкіл ел көлемінде күшпен жалпыластыру керек дегенді ортаға қойды. Бұл идея ел ішінде үлкен талас тартыс тудырды. Оны қолдаушылар да, оған қарсы тұрушылар да табылды. Қолдаушылар компьютер ғылым-техниканың ең озық жетістігі, алдағы уақытта бүкіл әлем компьютер дәуіріне өтеді. Жазудың қолайсыздығы салдарынан еліміздің компьютер дәуіріне өту мезгілін кешіктірсек, қытай әлем елдерінен артта қалады деп қарады. Қарсы тұрушылар қытай мәдениетінің негізгі келбеті есептелетін иероглифтерді қолданыстан шығару хан ұлтының мәдениет тамырына балта шапқанмен бірдей, сондықтан мәселеге байсалдылықпен қараған жөн, оның үстіне компьютер адамның көмекші құралы ретінде адам үшін қызмет етеді. Иероглифтерді компьютерге кіргізу техникалық мәселе, түбінде бір шешімін табуға тиіс деген көзқарасты ұстанды.

Қытай иероглифі жөніндегі талас-тартыстар ел іші-сыртындағы көптеген ғалымдар мен мамандардың назарын аударды. Олар иероглифтік жазудың тиімді тиімсіз жақтарын жан-жақты зерттеді. Сөйтіп «иероглифтік жазу мешеу емес, қайта белгілі бір деңгейде артықшылықтарға ие» деген қортындыға келді. Иероглиф туралы алғаш зерттеу жүргізген қытай ғылымдары емес, қайта Франция мен Жапон ғалымдары және шетелде қоныстанған қытай диаспораларынан шыққан мамандар болды. Олар мынандай көзқарасты ортаға қойды.

Иероглифтер өзіндік сипатқа ие бір түрлі жазу, ол дыбыс, форма және мағынадан құралған тұтас бір шағын тұлға, оның информацияны бейнелеу қуаты өте жоғары.

Буындық тіл ретіндегі қытай тілінде тон мен өзара тіркесе алмайтын дыбыстарды шығарып тастағанда 401 буын бар. Әлемдік компьютер дамуының бағыты компьютерге дыбысты кіргізу және басқару, ешқашан да қазіргідей клавиатуралық кіргізу мен басқару емес. Қытай тілі дүние жүзі бойынша компьютерге дыбыс кіргізуге ең қолайлы тіл бұл оның дыбыстық жазуды қолданатын тілдерде жоқ өзіндік ерекшелігі болып табылады. Американың «Алма» маркалы компьютері қытай тілі дыбыстарын компьютерге кіргізу ісін жүзеге асырды. Компьютер 1-2 сағат ішінде қытай тілі дыбыстарын қабылдай алады.

Қытай жазуы бейнелік жазу ретінде адамдардың заттарды бақылап, тану қағидасына үйлесе келеді. Мысалы, біз алыстан бір нәрсені байқасақ, ең алдымен оның жалпы тұлғасын бажайлап барып, онан соң оның не екені жөнінде қортындыға келеміз. Батыс елдері қолданатын жазу (дыбыстық жазу) салдарынан болатын тіл мүкістігі мен дұрыс оқи алмайтын жағдайларды иероглифтерді үйрету арқылы қалпына келтіру мақсатына жетуге болады. Шетел ғалымдарының зерттеулері қытай ғалымдарын да ойландырды. Гангконгтік Ан Зіжие мырза «иероглиф қытайдың бесінші үлкен тапқырлығы» дегенді алғаш ортаға қойды. Тайваньдық профессор Юуан Шиау Юуан біріккен ұлттар ұйымының алты қызмет тілінің ішінде қытай жазуы ең ұғымды жазу, сондықтан ол арқылы хатқа түскен нұсқалар да өте ықшам келеді деп көрсетті. Бұдан иероглифтік жазу - әлемдегі ең ұғымды жазу деген қортынды шығаруға болмайды.

Ұлы құрлық «Қытай» мамандары осы негізде иероглифтің артықшылықтарын тұрақтандыратын бір қыдыру тұжырымдар жасады айталық, иероглиф кеңістік шеңберінен алып шығып, қытай тілінің диалектілік бір келіссіздік мәселесін шешті. Иероглифтер өте бай мәдениет деректерін бойына сіңірген.

Өткен ғасырдан басталған иероглифтік жазу реформасының практикасы-дыбыстық жазу иероглифтердің омонимдік ерекшеліктері мен тон мәселесін шеше алмайтындығын, сондықтан иероглифтердің тапқырлануы шынында үлкен еңбек екендігін растады. Сондықтан қытай тіліне дыбыстық жазуды қолдану мүмкін емес.

Қытай тілі өзінің даму тарихында екі бағытта дамыған. Оның бірі жалаң буынды сөздердің қос буындыларға айналуы да, енді бірі ішінара морфемалардың қосымша-жұрнаққа бейімделіп жалғамасы сипат алуы.

Иероглифтер негізінен тұлғалық жақтан лайықты ықшамдалу бағытында дамиды. Кейбір иероглифтердің сызық саны өте көп, жазуға қолайсыз деген мен иероглифтерді ықшамдау олардың өзіндік ерекшеліктеріне сай келуі керек. Бұдан сырт иероглифтердің тұлғасы мен саны да тұрақтандырылуы керек. Саны жағынан бес мыңнан үнемі қолданылатын иероглифтер үш мыңнан асып кетпеуі қажет. Кейбір қытай халықтары «21- ғасыр иероглифтік жазу ғасыры болады» деген болжам жасайды. Батыс ғалымдары азия құрлығы экономикасының тез қарқынмен дамуына негізделіп « иероглифтік жазу мәдениетінің өрісі» кеңейе түседі деген тұжырымды жасайды. Тарихи даму тұрғысынан қарағанда тілдің дамуы мен өмір сүруін мемлекеттің гүлденіп көркеюінен бөле қарауға болмайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кочергин И.В., Щичко В.Ф. Страноведение Китая М.: Издательский дом « Муравей», 1999
2. «Қытай тілі мәдениетінің тарихы» жөнінде зерттеулер. Дың Хау. Жың Жие Шиңжаң халық баспасы. 1993.
3. «Қытай мәдениеті» Ли Жа Соң Пекин тілдер университеті, 2004
4. «Тіл мен мәдениет жөніндегі ізденістер» Шың Ши аулоң құрастырған. Шаңқай халық баспасы. 1986
5. Н.А. Демина, Чжу Канци «Китайский язык» Учебное пособие Страноведение Москва.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН , 2002

#### **РЕЗЮМЕ/RESUME**

**Манатай БАДЕЛХАН**

**Карагандинский университет имени Е.Букетова, Караганды, Республика Казахстан  
Абдрахманов Рустем Хасенович**

**Частное учреждение Академия «Bolashaq», Караганды, Республика Казахстан  
ОСОБЕННОСТЬ ПРЕПОДАВАНИЯ КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА В ХОДЕ ПОЛИЯЗЫЧНОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ**

В данной статье говорится о важности и специфике обучения китайскому языку в период полиязычного обучения в Казахстане. Нужно знать, что в китайском языке самой большой проблемой является запоминание китайских иероглифов, а также историю появления каждого иероглифа. Также рассмотрена необходимость запоминания каждого из этапов развития иероглифов.

**Ключевые слова:** иероглиф, иероглифическое письмо, этапы реформирования иероглифов, пути развития иероглифов, Китайские иероглифы.

**ManatayBADELKHAN**

**Karaganda University named after E. Buketov, Karaganda, The Republic of Kazakhstan  
Abdrahmanov Rustem Khasenovich,**

**Private institution "Academy" Bolashak ", Karaganda, Republic of Kazakhstan  
THE PECULIARITY OF TEACHING CHINESE IN THE COURSE OF MULTILINGUAL  
EDUCATION IN KAZAKHSTAN**

This article deals with the importance and specificity of Chinese language teaching in the period of multilingual education in Kazakhstan. It is necessary to know that in Chinese the biggest problem is to remember Chinese hieroglyphs, as well as the history of the appearance of each hieroglyph. Also the article considered the need to remember each of the stages of the development of hieroglyphs.

**Key words:** hieroglyph, hieroglyphic script, the stages of reforming the hieroglyphs, the ways of hieroglyphs' development, Chinese hieroglyphs.

#### **List of used literature:**

1. Kochergin I.V., Shchichko V.F. Country studies of China M.: Publishing house "Ant", 1999
2. "Қытай тілі мәдениетінің тарихы" жөнінде зерттеулер. Дың Хау. Жың Жие Шиңжаң халық баспасы. 1993.
3. "Қытай мәдениеті" Ли Жа Соң Пекин Тілдер Университеті, 2004
- four. "Тіл мен мәдениет жөніндегі ізденістер" Шың Ши аулоң құрастырған. Шаңқай халық баспасы. 1986
4. N.A. Demina, Zhu Kangji "Chinese language" Textbook Regional studies Moscow.: Publishing company "Eastern Literature" RAS, 2002

Серімов Елеужан Елемесұлы

[mr.serim@mail.ru](mailto:mr.serim@mail.ru)

Смағұлова Меруерт

[smsmagulova76@mail.ru](mailto:smsmagulova76@mail.ru)

**Bolashaq» академиясы» Жеке меншік мекемесі, Қарағанды, Қазақстан Республикасы**

## **ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ АЛҒАШ ҒЫЛЫМИ ТЕЗДЕГЕН ҒАЛЫМ**

**(Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына)**

Қазақтың шешендік өнері өзінің пайда болған күнінен бастап үздіксіз толысу, даму үстінен өтті. “Жігітке айта білмек парыз деген, мойнында жүрмесінші қарыз деген” (Нұржан ақын) дейтін түсінік әр кез үстемдік құрды. Адамның тағдырын шешер дау-дамайда қолданатын көңілі даңғыл, санасы сара, тілге жүйрік би-шешендердің бірден бір кәсіби құралына айналды. Даушылар әрекеті, оқыс, шырғалаң оқиғалар түйінін шешуде сөз өнерін пайдаланған би-шешендердің қоғамдағы орны мен маңызы өте зор болды. Олардың кесім-биліктері қазіргі тілмен айтқанда құқықтық заң деңгейіне көтерілу тәркіні осында жатса керек. Сол кездегі тегеуіріндіден тепкі жеп, күштіден тақым бұрап, тар қыспақ көрген, әділет іздеп, төрелік сұраушылардың жүгінері мен сүйенері — сот орындарының міндетін атқарған билер-тін. Олар «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы негізге алып, қара қылды қақ жара білді. Өткеннің тарихы осылай дейді. Ендеше кешегі қазақ қоғамындағы шешендік өнердің алатын орны ерекше екенін ауыз толтырып айтуға толықтай негіз бар. Бірте-бірте қоғам үшін керек ерен де кемел өнерге айналды. Бір сөзбен айтқанда, есте жоқ ескі замандардан бері өзінің қоғамдағы орнын берік иеленгені анық. Бұл өнер қазіргі қоғамымыздағы соны құбылыстардың бірі. Өткен заманның заңғар ұстазы, алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының бұған арнайы зер салып, ғылыми объект ретінде қарастыруы тегін емес. Мақала осы жайттарды арқау етеді.

**Тірек сөздер:** шешендік өнер, би, шешен, қоғам, алаш қайраткері, тектер мен түрлер.

Кіріспе. Әсілі, ділмарлық өнер — халқымыздың туа бітті қасиеті. Сөз өнерінде ерекше бір құдіретті күш барын әу баста-ақ аса бір сұңғылалықпен аңдай алғаннан болар, бүкіл бітім-болмысын, мақсат-мұратын, асқақ арманын шешен сөз, өлең-жырмен суарған. Көңілінің биік төрінен мықтап орын тепкен тіл өнеріне жарық дүниеде жаралғаннан бері барынша ынта-ықылас-ілтисатымен қалтқысыз адал қызмет етіп, сөздің ажарлысы мен реңдісін, үздігі мен үлгілісін, келістісі мен керімдісін, айшықтысы мен нақыштысын, төресі мен сересін айнымай танып, қызыл тілдің сиқырлы құдіретін еріксіз мойындап, оны “өнер алдыға” балаған. Иінін тапсаң иіле беретін буынсыз тілден туған сөз әшекейі шынымен де көркем қазақтың. Бір сөзге сүйсінсе астындағы атын түсіп беруге дайын бабаларымыз тізілген сөз тізбектерін тегін құраған емес, жүрек тебіреніп, табиғи толғаныстан, қажеттілікпен ғана сөз туындатқан. Шешендік өнерді ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделеу ісі сонау бабамыз әл-Фарабидің «Риторика» еңбегінен бастау алса, кейінгі кезеңде Шоқан Уәлиханов, Құрбанғали Халидтің, «Дала уалаяты» газетінде шыққан шешендік, билік істері жөнінде Ш. Құдайбердіұлы, Ә. Бөкейханов мақалаларында, Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында», М.Әуезовтің «Әдебиет тарихында», Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиетінде», Г.Ә. Мәметова, Б.Адамбаев, Р.Сыздықова, Ә. Нұрмахановалардың еңбектерінде көрініс тапты. Әйтсе де әділін айтуымыз керек Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» деген әйгілі еңбегінде шешендік өнерге жан-жақты тоқтала келіп, қазақ жұртшылығына алғаш рет Еуропа риторикасын ғылым ретінде танытты [1]. Шешендік өнерді жанрлық табиғатын зерделеп, жіктеп-жүйелеп, тұжырымдары мен қағидаларын бекітіп, айтылу тәсілдерін анықтады. Кейіннен бұл істі әдебиетші-ғалым Балтабай Адамбеков шешендік сөздерді топтап жинап, ғылыми талап деңгейіне жеткізді [2]. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ топырағында шешендік өнерді ғылым ретінде қарастыру мәселесі күн тәртібіне қойыла бастады. Әдебиеттанушы ғалым, профессор С.Негимов «Шешендік өнер» атты еңбегінде бұл өнердің төлтума табиғаты, оның мазмұндық, көркемдік, жанрлық стильдік сипаты сөз болады [3]. Белгілі педагог, көрнекті ғалым-оқытушы Жағыпар Мұсаевтың «Қазақтың шешендік өнері» оқулығы ұлттық шешендік өнердің табиғатын жан-жақты талдап, зерттеу нысанасына айналдырған еңбек [4]. Сот жүйесіндегі ділмарлық шеберліктің атырауларын етене қарастырып, құқық жүйесіндегі орнын белгілеуге ұмтылған еңбектің бірі — «Сот шешендігі» деп аталады [5].

Ғылыми-зерттеу еңбектерде жиі-жиі қоғамымызға қажетті қызмет тілмарлығын шешендік өнердің үш мақсатты бағытынан шығарады. Шешендік өнер: 1) өнердің тілмарлық саласы; 2) дау барысында ауызша сөйлеу, мәтінді көркемдеп құрай білу өнері; 3) қуаты күшті өткір сөз иірімдерін туғызатын бейнелеу тәсілдерін зерттейтін ғылымның өзекті арнасы.



Негізгі бөлім. Жоғарыда көрсетіп өткеніміздей, әлемдік шешендіктің өзекті мәселелері – қалыптасуы, дамуы, түрлі қызмет салаларындағы орны, шешендік даудың кеңістік бөліктері отандық әдебиеттану ғылымында өз алдына бірінші рет реттелініп, белгілі әдістер бойынша жеке сұрыптаған, шешендіктің тектері мен түрлері турасында айтқан А. Байтұрсынұлының алуан пікірлеріне жан-жақты тоқталып өтіп, осы мәселелер бойынша өз пікір-ой, ұсыныстарымызды көршілікке көлденең тартып, ортаға салғымыз келеді.

Осындай орайда сабақты ине сәтімен дегендей, алдымен мақаланың өн-бойғы тінінде қолданылған шешендікке қатысты кейбір ұғымдық аппаратты құрайтын терминдік атауларға түсіндірме бере кетсек дейміз.

Ашығын айту керек, сөздік қолданысымызда «риторика» деген сөз бар. Әйтсе де біз атаудан саналы түрде бас тарттық. Өйткені «риторика» деген тіркестің өзі қазақша сөйлеп тұрған жоқ, ал «шешендік» сөйлеуге қажетті көмекші құрал. Сондықтан байыптай келе, риторика орнына «шешендік» деген атауды қаладық. Кей тұста «тілмарлық», «ділмарлық» деп те қолдандық. Бұндай мағыналас синонимдік атауды қатар қолдануымыздың себебі, біріншіден, «тілмарлық» сөзі қара тілге жүйріктікті білдіреді. Бұл сөздің мағынасына сай келетін, көпшілік қолданып жүрген «ділмарлық» сөзінің түбір төркіні — «діл» — ол көне парсы тілінде «жүрек» деген ұғымды береді, бұл «алғыр», «зерек» немесе «рухани байлық» деген түсінікпен астас. Бізге керегі — тіл, ауыспалы мағынадағы «қызыл тіл» — яғни қызмет ісіндегі сөз, сөйлеу өнері. Сондықтан біз «тілмарлық» деген атауды да қатар пайдаландық. Бұл «тілмарлық» терминін өз еңбектерінде шешендік өнерді зерттеуші қазақ ғалым қаламгерлері Б. Адамбаев, М. Әлімбаев, тағы басқалар қолданады. Сондай-ақ жиі ұшырасатын аса қажетті «шешендік сөз», «шешендік өнер», «риторика» деген ұғымдардың ара жігін ажырата білуіміз керек. Бұлар бірінің орнына бірі жүрмейтін, мағынасы маңайлас келсе де, тіптен басқа ұғымдар.

«Шешендік сөз» — халық даналығын көрсететін, өмір мен табиғат құбылыстарын байқаудан туындайтын, бойында ақыл мен нақылдың сипаты бар, негізінен ауызша тараған бабалар шығармашылығы.

«Шешендік өнер» болса — сәулет, қол өнері, әдебиет сияқты ол өз алдына жеке-дара өнер.

Ал, «риторика», о баста пайда болғанындай, — сөйлеу білу, сөз мәтіндерін құрастыра алу шеберлігін жан-жақты, егжей-тегжейлі қарастыратын ілімді атайды. Риторика — түп тамыры жыл қайыруымыздан бұрынғы антикалық дәуірге барып тірелетін, сонау қадым заманда-ақ айнала қоршаған ортаның сұлулығын танытатын жеке ілім ретінде іргесі қаланған дербес ғылым. Ол сөз саптау шеберлігінің тәжірибесін тұжырымдап, қағидаларын бекітеді. Сөйлеу мәдениетінің тілдік нормалары мен заңдылықтарын, сөздің бейнелілігі мен әсерлігін арттыратын сөйлеу сапасына, ондағы түп мақсаттың айқындылығына тәуелді, тыңдарманға ықпалы зор, әсері мол көркемдік әдіс-тәсілдердің жиын-тығын жүйелейтін сөйлеу өнерінің жалы қалың өзекті саласы, сұхбаттасушылардың (сөйлеуші мен тыңдаушының) өзара түсінісуіне қызмет ететін түсініс құралы.

«Шешендік сөз» бен «шешендік өнер» және «риторика» атауларында, міне, осындай жер мен көктей айырмашылықтар бар. Бұл атауларды тілдік қолданыста өз орнымен жұмсаған жөн. Әйтсе де біз көп уақыттан бері тілдік қолданысымызда берік қалыптасып қалған «шешендік өнер» деген атауды көбіне «риторика» мағынасында қолданамыз. Ол — шешендік өнердің бір тармағы ғана.

«Сотта сөйлеу» немесе «төрелік сөз» (судебная речь) — прокурор мен адвокаттың әртүрлі түйіндеулері мен шешімдерінің сөз арқылы көрінуі, яғни олардың тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сотта сөйлеу монолог түрінде (адамның жеке сөйлеуі) не диалог арқылы (екі не одан да көп адамдардың өзара сөйлесуі) өрнегін табады. Алқалы көптің алдында сөйлеу — монологты болып келеді. Прокурор мен адвокат сөздері осыған жатады. Олардың сөйлеу өнерін ұштайтын шешендіктің керегі де осы тұс. Қылмыстық немесе азаматтық істерді қарау барысында сот пен сотқа қатысушы көпшілікке арналған, сот мәжілісінде нақты іс бойынша тұжырым айтылатын, қарсы жаққа уәжді пікірлер білдіруге құрылған сөзді айтады. Төрелік сөздің судьяның, сотқа тікелей қатысушы тұлғалардың ішкі сенімін, көзқарасын қалыптастырудағы, істің ақ-қарасын анықтап, әділ шешім шығарудағы орны айрықша. Төрелік сөздің мазмұны — соттың нақты бір қылмыс немесе құқық бұзушылық бойынша қарастыратын, үкім не шешім шығаруға негіз беретін мәселелердің өзегі.

«Сот жарыссөздері» және оның реті заң кодекстерінде айқын жазылған: 1) іске қатысушы адамдар мен өкілдердің сөздерінен тұрады; 2) алдымен талап қоюшы және оның өкілі, ал содан соң — жауапкер мен оның өкілі сөз сөйлейді. Басталып кеткен процесте даудың нысанасы бойынша дербес талаптар қойған үшінші тұлға мен оның өкілі тараптар мен олардың өкілдерінен кейін сөз сөйлейді. Даудың нысанасы бойынша өз бетінше талаптар қоймаған үшінші тұлға іске өзі қатысатын

жақтағы жауапкерден кейін сөз сөйлейді; 3) прокурор, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың өкілдері және басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтаны және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінетін азаматтар сот жарыссөздерінде соңынан сөз сөйлейді.

Басқаша айтқанда, қылмыстық, азаматтық сот ісінде сөйлеу құқығы заң бойынша оған тікелей қатысушыларға ғана, заңда көрсетілген рет бойынша берілген. Соттағы төрелік айтар тілмарлық соттың бірінші, екінші сатысына қатысты, ол белгілі бір аудиторияға: сотқа, ондағы басқа да қатысушыларға бағыштала айтылады. Соттағы сөйлеу көпшілікке арналғандықтан ол сөйлеудің монологты түріне жатады.

Соттағы «пікірталастар» көзқарастар күресін, жарыс, бәсекелестікті көрсетеді. Оған қатысушы айыптаушы мен қорғаушылар көбіне көп ымыраға келе бермейді: не сөзі өтеді, не шығарылған шешімді мойындайды. Сондықтан пікірсайысқа қатысушыларда бір ғана мақсат бар. Ол — қарсыласын ойсырата жеңу, өз пікірін дәлелдеп шығу. Соттағы пікірсайыс, негізінен, заңды, адам құқығын қорғау төңірегінде ұйымдастырылып, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ұйытқы болады. Ол үшін айыптаушы мен қорғаушы өз дәлелдемелерінің нақтылығына, дәлелдігіне сот алқасының көзін жеткізуге тырысады. Ол үшін айтар уәждің негіздемесінің мықты, шымыр әрі сенімді болуы — басты шарт. Полемикалық (пікірсайыстық) шеберлікті меңгеру арқылы айыптаушы мен қорғаушы сот тергеуінде маңызы бар мәселелерді жан-жақты талқылауға қатыса алады. Соттағы пікірталас қылмыстық іс жүргізудің негізгі бөлігін құраса, ал төрелік сөз сол пікірталастардың негізгі өзегін құрайды. Ендеше төрелік сөз қылмыстық сот жүргізу ісіндегі процессуалдық қызметтің ерекше бір айшықты көрінісі.

«Реплика» — бұл да сөйленер сөздің құрамынан табылатын, қарсылас шешендерге айтылар қысқаша уәж-пікірлер. Төрелік сөз соттың бірінші сатысына, екінші апелляциялық сатыға тән сөйлеу өнері болғандықтан оның ауқымы соттағы пікірталастарға қарағанда анағұрлым кең.

Енді негізгі ойымызға көшейік. Ұлы ағартушы, ұлтымыздың алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсарин бастаған, кейін де ұлт ұйытқысы атанған Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытовтар назарынан шешендік өнер де тыс қалмады. Мәселен, алаш ардақтысы атанған Ахмет Байтұрсынұлы жоғарыда атап өткен «Әдебиет танытқышында» қара сөз бен дарынды сөздерді жүйе-жүйеге бөліп, шешендік өнердің қасиетіне ерекше баға беріп, «Шешен сөз» атты тарауында былай деп жазады: «Шешен сөздің «қыздырма», яки «қоздырма» деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі – адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру. Шешен сөздің бұл бөлімі пікірді дәлелдеп, сипаттап, мәністеп болғаннан кейін келеді. Өйткені пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап, ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады. Осы айтылған мақсаттарға қарай шешен сөздің тілі уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып жүректі тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді тіл болады.

Шешен сөздің зор мүшелері бесеу: а) бастамасы; ә) ұсынбасы; б) мазмұндамасы; в) қыздырмасы; г) қорытпасы» [1, 77]. Ескертерлік жайт, Ахмет Байтұрсынұлының бұл бөлінісі қазіргі күні ғылыми мақаланың талабына айналып отыр. Қазіргі талап бойынша ғылыми мақала кіріспеден, негізгі бөлімнен, ұсыныстардан, дәлелдемелерден, қорытындыдан тұрады.

Ұлт ұстазын шешендік өнердің тектері мен түрлерін де алғашқы жіктеуші ретінде танимыз. Ол шешендік сөзді бес түрге бөліп қарастырады:

«а) шешендер жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығару мақсатымен сөйлегені, саясат шешен сөзі деп аталады:

ә) шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, ия қаралау мақсатымен сөйлегені билік шешен сөзі деп аталады:

б) біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген сөзі қошемет шешен сөзі деп аталады;

в) білімдердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені білім шешен сөзі деп аталады;

г) дін жайында сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі уағыз деп аталады; [5, 78].

Шешендіктің тектері мен түрлерін классикалық түрдегі қазіргі кездегі жіктеу де осы А.Байтұрсынұлы жіктеуінен алшақтамайды.

Қазіргі шешендіктің тектерін, олардың түрлеріне қарай іштей сараласақ, мынадай жіктеме түзіледі:

1. Діни шешендік
2. Әлеуметтік–саяси тақырыптағы шешендік:

- а) конференция мен съезде жасалатын есепті баяндама;
- ә) парламенттік сөз;
- б) әскери-патриоттық сөз;
- в) дипломатиялық немесе мәмлекеттік сөз;
- г) үгіт-насихат сөз.

3. Әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптағы майталмандық:

- а) мерей тойларда айтылатын мадақ сөз;
- ә) дастархан басындағы сөйленетін сөз;
- б) көңіл-лебіз қоштасу сөз.
- в) жарнама;

4. Академиялық шешендік:

- а) лекция (дәріс);
- ә) ғылыми баяндама;
- б) ғылыми хабарлама;
- в) ғылыми шолу;
- г) ғылыми-көпшілік лекция (дәріс).

5. Ым-ишарат шешендігі.

6. Сот шешендігі.

7. Келіссөз жүргізу шешендігі.

Осы жіктемені мақаланың мақсатына сай сала-сала бөліп талдап көрелік.

1. Діни шешендіктің немесе оның ғылыми тілдегі атауы – «гомилетиканың» негізгі өзекті аспектілерін еңбектің ежелгі Араб елінің шешендігі қатысты айтамыз. Өткен дәуірлердегі қазақ даласындағы қазылық институттың өмір сүріп, қалыптасуына осы ортағасырлық араб елінің діни шешендігінің айтарлықтай ықпалы болды. Қазақтың діни шешендігінің де пайда болып, дамуын ортағасырлардағы ислам дінінің таралуымен етене байланыста алып қарастырамыз.

Діни шешендік жайында тиіп-қашты пікірлер айтылғанмен қазақ ғалымдары оны күні бүгінге дейін арнайы қолға алып, тиянақты зерттеген емес. Бұлай назардан тыс қалып зерттеу нысанына айналмау себебінің бір ұшы кешегі кеңестік қоғамда белең алған атеистік түсінікте, саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған сезіктенгіш те сескенгіш, дінді сөз етуге қорыққан, одан тек ислам идеологиясының кері әсерін ғана көрмек болған ерсі мінезінде жатыр; екіншіден, қазіргі таңда осы саладағы білікті мамандардың бір қолдың саусағымен санарлық аздығынан болып отыр.

Өркениетті елдерде мемлекетті діннен ада қылмайды. Қандай жүйемен өмір сүрсе де, онда бәрінің шығар қайнар көзі дінге тіреледі. Дін – қасиетті құндылық ретінде ұғынылады. Ұлы Абай: «Ынталы жүрек, шын көңіл, Өңгесі хаһқа қол емес» дейді. Жан баласының көкірегіне құнарлы, ажарлы нәрін құятын діни шешендіктің бастау бұлағы – дін. Дін – адам бойындағы жағымсыз дерттерден тазартуға мүмкіндік береді. Өтірік айтпауға, кісіні сыртынан жамандамауға, нақақ ғайбаттамауға, ұрлық-қарлық істемеуге үндеп, кісінің көкірегіне жарық сәуле түсіріп, жанның таза болуына шақырады. Адамгершіліктің қадау қазығы. Ой құсасы жүрегің тескен адамдардың көңіліне демеу болады. Осының бәрі көкірегіңе ұялар әдемі, негізді сөзбен жүзеге асырылады.

2. *Әлеуметтік-саяси саладағы шешендік.* Шешендіктің бұл тегінің түрлеріне саяси сөз, дипломатиялық (мәмілегерлік) сөз, әскери-патриоттық сөз, парламенттік сөз, митингілік үгіт-насихат сөзі жатады.

Парламенттік сөз. Қазақ жеріндегі әлеуметтік-саяси шешендік және оның парламенттік сөз түрінің түп негізі 1905 жылы орыстың буржуазиялық-демократиялық революциясының барысында қаланды. 1905-1907 жылдары патша самодержавиесі бұқараның толқуынан қорқып, саяси жеңілдіктер жасау мақсатымен мемлекеттік *Жоғары кеңес* құрылымын халық өкілдерінің заң шығарушы органы *Думамен* алмастыруға шешім қабылдады. Думаға қазақ жерінің алты облысынан дауысқа түсіп, бір-бірден орыс пен қазақ ұлтының өкіліне депутаттыққа сайлауына заңды құқық берілді. Депутат болып сайланудың шарты бойынша сайланушы міндетті түрде сол облыстың негізгі тұрғыны, шаңырақ иесі болуы керектігіне басты назар аударылды. Міне, осы кезде қазақтарды патша мен отаршыл әкімшіліктің қыспағынан азат ету идеяларымен қаруланған Ж.Ақбаев, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы секілді ұлт қамын жеген зиялылар шоғыры ашықтан ашық күрес алаңына шықты.

Парламенттік сөз шешендігі бойынша, қазіргі уақыттағы парламентте, саясатта дәрежелікке тіптен де орын жоқ. Ортаға шығып сөйлейтін шешендер, қарсыластар барынша мәдениетті, барынша әдепті болуға тиісті. Қолдан келгенінше, мүмкіндігінше барынша тапқыр болғаны, нақтылықты негізге алып сөйлеулері жөн. Көптеген елдің парламентінде әріптесіне тіл тигізсең, сол сәтінде

ескертпе жасалып, айыппұл төлетеді. Бұл жөнінде бүгінгінің көрнекті қаламгері Қадыр Мырза Әлі бір сөзінде мынадай дерек келтіретіні бар: «Әдеттегідей ағылшын парламентінің кезекті бір мәжілісі жүріп жатады. Адуынды бір депутат алдында ғана сөйлеп кеткен бір шешеннің сөзіне сайланысты уәж айтып, түсініктеме береді. Ал қарсыласы орнында отырып алып, дау шығарады, тіл тигізеді. Талайды көрген тарлант депутат шыдамай кетіп оған: «Әріптесім-ай, уәжге дұрыстап құлақ түрсеңші! Түсінсеңші! Адамсың ба, әлде сөз ұқпайтын малсың ба?! – деп қалады. – Тәртіпке шақыруыңызды сұраймын, скипер мырза! Ол маған тіл тигізді! – деп шыр ете түседі шыдамсыз депутат. Скипер оның өтінішін жерде қалдырмайды. Кінәлі адамға ескерпе жасайды. Шешен өз сөзін одан әрі жалғастыра береді. Бірақ қарсыласы сабыр тұтпай, қайта-қайта сөзін бөле береді. Төзімі әбден таусылған депутат: - Оу, әріптесім, қойсаңшы енді. Бір сөзді екі мәрте қайталап абырой таппайсың. Сенің осы мал дәрігерге барып көрініп қайтқаның дұрыс шығар! – дейді. Ел ду етіп күледі. Нысанадағы шыжбақай сорлы шыдамай, тағы арыз айтады. Бірақ бұл жолы скипер депутаттың сөзіне анайылық таппайды. Орнымен айтылған көркем әзілге балайды» [6].

Дипломатиялық (мәмлегерлік) сөз. Шаңы сұйылған заманалар керуенінің барысын бажайлай қарасақ, айнала қоршаған шалғай-жақын елдермен алыс-беріс қарым-қатынассыз, жеке дара томаға тұйық дамитын қайсыбір ел болмайтынын аңғарар едік. Әр халықтың басынан өткерген бейбіт күнгі не жаугершілік заманындағы тарихы бізге осыны әйгілейді. Демек әр елдің елшілік, дипломатиялық тарихы – сол елдің ғасырлар белесіндегі даму көшінің бір көрінісі ғана.

Әскери-патриоттық сөз. Қазақтың әскери-патриоттық сөзінің дамуын 40-жылдардағы қарға адым, қамшы саптай қысқа ғұмыр кешкен соғыс майданынан «шығыс ұлына» отансүйгіштік жалынды хаттар жолдаған Баубек Бұлқышев есімімен, әрі сол ұлы Отан соғысында дарынды қолбасшылығымен барынша жарқырап көрінген Бауыржан Момышұлы атымен байланысты алып қарастырамыз. Оның соғыс туралы айтқан «Қайратыңа өзінді жолдас ет», «Әдісіңе ақалыңды жолдас ет», «Отан үшін отқа түс – күймейсің» сияқты өткір тіл орамдары сол уақытта-ақ халық арасына мақал-мәтелге айналып тарап кеткен.

3. *Әлеуметтік-тұрмыстық шаралардағы сөз өнері.* Ежелгі Гректерден қалған эпидейктикалық немесе салтанатты шешендік дегенді бүгінде әлеуметтік-тұрмыстық шешендік деп алып жүрміз. Оған *мерей-тойларда айтылатын құттықтау сөз - тілек-тосттар, дастархан басындағы баталар, қабір басында айтылатын қоштасу сөздер, жарнама шешендігі* жатады.

4. *Жарнама шешендігі.* Нарықтық экономиканың тұрмыс-тіршілігімізге түпкілікті енуіне байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында, көшелер бойында әртүрлі тұтыным, өндіріс, сұраным тауарларын, арақ тұрмақ «қолыңда емес, ауызда ериді» деп, насыбайға шейін жаппай жарнамалау белең алуда. Жарнамалардың күнделікті өмірімізге сіңісті болып кеткені сондай, бүгінде ол ешкімге де таңсық емес. «Сауда мұраты – өтуді» мақсат тұтатын жарнамалардың негізгі ерекшелігі – қысқалығында. Уақыт минутпен емес, секундымен өлшенеді. Осы уақыт аясында зат-бұйымның тиімділігін халыққа жеткізе алу талабы қойылады. үлкен шеберлікпен жасалған жарнамалар сондай үдеден шығып та жүр.

5. Жарнама жасаушылардың айтуына қарағанда, тұтынушыларды қармаққа ілудің бес тәсілі бар көрінеді: біріншіден, жарнамаланатын тауардың сапасы мен сенімділігі, екінші, тауар түрінің тартымдылығы, үшіншіден кәделілігі, төртіншіден, дәстүрден ауытқымау, ең соңғысы, әрі бастысы – атақты жандардың пікірі. Жасаушы сценарий жарнама роликтерінде осы аталған тәсілдердің біреуін басты назарда ұстайды. Осының бәрі шешен сөзбен өріледі.

6. *Академиялық шешендік* тегінің пайда болу, қалыптасу, дамуы республикамызда білім-ғылымның өркендеуімен тікелей байланысты келеді. Оның түрлерін сараласақ жоғарғы мектептегі дәріс, ғылыми баяндама, ғылыми шолу, ғылыми хабарлама, ғылыми-көпшілік баяндама, реферат, конспект, құжат, басылымдар болып келеді.

Шешендіктің бұл түрлеріне тән басты белгі – тыңдаушыларға бұдан бұрын да белгілі болған немесе соны, тың жайттардың ғылыми негіздемесі, тексеру-зерттеудің нәтижелері, соларды пайымдап, бағалау, ол жайындағы таным-түсінік, пікір-көзқарастардан құралады.

7. *БМ-шарат шешендігі.* Шешендіктің бұл түрі вербальды емес шешендік деп те аталады. Адам ойын тілсіз, яғни сөз құралынсыз жеткізетін мұндай өнер түрінің сыр-қырын кәсіби шешен жетік меңгергені жөн. Шешендер мұндай өнерді ақпарат тасушының көңіл-күйінің түрлі әуез-әуендерін дұрыс мәнде, айна-қатесіз түсініп, ол туралы алдын ала пайымдай алу үшін пайдаланады. Зерттеушілер адам мағлұматтардың көп бөлігін (55-тен 75 %) осындай вербальды емес жолмен алатынын анықтаған.

8. *Сот шешендігі.* Өзінің бастау көзін сонау антикалық дүниеден алатын сот шешендігі көне



жіктеме бойынша, айыптаушылық (немесе прокурорлық), қорғаушылық (немесе адвокаттық), айыпталушының өзін өзі қорғайтын сөзі болып үлкен үш түрге бөлінеді. Айыптаушыға да, қорғаушыға да керегі — қылмыстық сот жүргізу ісінде қажетті деңгейде ұтымды сөйлей алу.

Жалпы, отандық сот жүйесінде дйттеген деңгейде сөйлей білу шеберлігін керек ететін қызмет саласының бірі — сот үдерісі. Ол дауласқан екі жақтың жасындай жарқылдаған пікір-таластарынан, қисынды дәлелдерден, нақ та дәл, көрікті де көркем сөйлеуден тұратын кеңістікті құрайды. Мұндағы төрелік айтар тілмарлықтың мазмұны мен түрлерінің негізгі өзегі — болған қылмыстық жағдайды тәпшістей анықтау, екі ұдай пікір туғызбайтын дәлелдер келтіру, ойды бейнелеп жеткізер амал-тәсілдерді қолдану арқылы белгілі бір ақиқатқа көз жеткізіп, көпшілікті иландыра алу секілді қисындардан тұрады.

9. *Келіссөз жүргізу шешендігі.* Адам өмірінің құндылығын, еркіндігін, құқығын алтын арқау, темір қазығына айналдырған халықтық демократия құнарлы игіліктерді тудырып қана қоймай, қоғамның бұрын байқалмаған көлеңке жақтарын да кілегейдей алдыңғы қатарға шығарды. Шындықты қанша жасырғанмен тұмсығын көрсетпей қоймайтынындай босансу мен тоқмейілісуді көтермейтін ұршықтай зырылдаған, екпіні мен тепкіні қатты бүгінгідей мейлінше талабы қатал кезеңнің алмағайып қиындықтарынан, өмірдің қос қыртысты қат-қабат шытырман оқиғаларынан, аласапыран идеялық көзқарастардың әсер етуінен жүйкесі әбден тозған әлжуаз адамдардың без бүйрек, тесік өкпе болып, әр қилы бейәрекеттерге барып жататыны да жасырын емес. Өмірдің қайнаған қазанынан алынды дейтін осы тектес келеңсіз құбылыстардың талай кинофильмдер сюжетіне айналып, баспасөз беттерінде ашық, еркін сөз етілуі де өз ықпалын тигізбей қоймайтынын ашық мойындаған ләзім. Күшпен емес, тілмен шешуді керек ететін мұндай сан алуан жағдаяттар саясат кеңістігінде, саудасаттық саласында, әскери операциялар мен ішкі істер органдары қызметінде, тіпті отбасы жағдайларында да жиі көрініс беріп қалып жүр. Өмірдің ащы қиындықтары тығырыққа тіреген, қылп-қылп еткен ақ алмастың жүзінде жалаңаяқ жүгіргендей өмірден түңіліп, тағдырына налыған адам аффект үстінде неге де болса көзсіз тәуекелге барары сөзсіз. Өмірдің әр қилы ауыртпалық жағдайлары итермелеген, «себепсіз зорлық-зомбылық, қағажу-қорлық көрдім, тілек-өтінішімді қанағаттандырмады» деп, жазығы жоқ бейкүнә адамдарды кепілдікке алу, жарық дүниені тәрк етіп, өзгенің де, өзінің де өмірін қиюға бейім тұруы, құқыққа қайшы қоғамдық қатынастарға қолсұғуға даярлығы, т.б.с.с. теріс қылықты келеңсіз құбылыстар із суытпай сол бойда шешімін табуды қажет ететін, шынтуайтында, күрделі мәселе. Мұндайдың алдын алудың бірден бір тура жолы - істі насырға шаптырмай келіссөз жүргізу арқылы лезде шешімін табу болып табылады. Келіссөз жүргізу шешендік шеберлігінің қажеттілігі осыдан айқын байқалады. Күнәлі, бейәрекетке барған адаммен келіссөз кезінде қажетті лаңкестерге ұйымдастыру-тактикалық және психологиялық әсер ету тәсілдері барлық дерлік елдерде тәжірибеде әрі ғылыми негізде де ойластырыуылуда.

Ұсыныстар мен нәтижелер. Түйіндей келгенде, шешендік өнердің жай-жапсары өмір мен өнердің диалектикалық қарым-қатынасы тұрғысында сөз етіліп, қоғамдағы ойып алар өзіндік орны, шеберлік сипаттары, алуан-алуан теориялық мәселелері түбегейлі шешімін табуды керек ететін күн тәртібінде тұрған келелі міндеттердің бірі деп білеміз.

Шешендіктің біз айтқан тектері мен түрлерінің этикалық, эстетикалық тұжырымдармен байытылуы, жаңа заман игілігіне жарату шаралары арқылы жүзеге асырылуы кезегін күттірмейтін келелі іс.

Қорытындылай айтқанда, қазақ халқы тарих сахнасынан кетпей, шешендік сөз өнері өлмек емес. Ақиқат, шындық көзіне бірден-бір тіктеп қарайтын түрлі қызмет саласындағы тілмарлық қазақтың шешендік көкжиегінің бояуын бір ашық сүйемге де кемітпейді, қайта әр қосады, шырай береді, нәр құяды. Дәлелді ой иіріміне әдемі сіңген келісті сөздерден тұратын көптің алдына шығып сөйлеулер — екпінді тегеуіріні мен ішкі ырғағы тыңдарманды бей-жай қалдырмайтын айдарлы да айбарлы өнер.

Келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын шешендік өнердің тіл шеберлігі жетілмеген бүгінгі қызметтер жүйесіндегі тұлғаларды, кәсіби ұштаудағы үлесі шексіз. Сондықтан шын өнерге уақыт сарапшы демей, бағзы бір заманнан атадан балаға мирас боп келе жатқан айбарлы өнерімізді кәрі тарихтың еншісіне қалдырып, мансұқ етпей, қоғамның түрлі саласындағы ұлттық дәстүр жалғастығына сай қайта жандандыруымыз керек. Зады, келер күнге қажеті — осы. Таңдай қақтыра тамсандырар, тағдыр тәлкегінде сүйеуші, тіреуші болар даулы алаңдарда сөз қадіріне иек артқан талай дарынды ділмарлардың маңдайы мен талайы жарқырап шығар күні әлі алда; сөз қасиетін бойына мол сіңірген бірегей таланттардың дүниеге келері хақ. Сондықтан шешендік өнер — өміршең деген байлам түйдік. Бұл өнерге алғаш алаш ардақтысы Ахаңның – Ахмет

Байтұрсынұлының арнайы назарын салып, ғылыми тезге түсіруі тегін емес, бұл оның сұңғылалығы мен көрегендігінің айғағы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы.- 1992. – 367 бет.
2. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері - Алматы «Ғылым» 1984. – 136 бет
3. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы, 1997.
4. Мұсаұлы Ж. Қазақ шешендік өнері. Көкшетау. – 2004 – 159 бет.
5. Серімов Е. Сот шешендігі. Қарағанды «Болашақ-Баспа». – 2006. – 218 бет.
6. Қадыр Мырза-Әлі. Біреулерге Президенттің отырған орны керек, Халыққа Президенттің орнында отырғаны керек. // «Егемен Қазақстан». №265-268. 30 қараша. 2005 жыл.

**РЕЗЮМЕ/RESUME**

**Елеужан Серимов  
Меруерт Смагулова**

**Частное учреждение «Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан  
УЧЕНЫЙ, КОТОРЫЙ ОДНИМ ИЗ ПЕРВЫХ НАУЧНО ОБОСНОВАЛ ИСКУССТВО РЕЧИ  
КАЗАХОВ**

**(к 150-летию Ахмета Байтурсынулы)**

Казашское ораторское искусство с момента своего появления постоянно совершенствовалось и развивалось. Искусство речи стала профессиональным инструментом у красноречивых ораторов-биев, использующих его в спорах, решающих судьбу человека. Роль и значение биев-ораторов, которые искусством слова развязывали узел спорщиков, были очень важны в обществе. Вероятно, в этом причина того, что их деяние поднялся до уровня юридического права. Есть полное основание говорить, что ораторское искусство занимало особое место в казахском обществе и стало необходимым и совершенным искусством в области права. Риторика является одним из ярких явлений в современном обществе. И недаром Ахмет Байтурсынулы, правовед прошлого, видный деятель Алаш Орды, уделял этому искусству особое внимание и рассматривал как научный объект.

**Ключевые слова:** ораторское искусство, би (судья), общественный деятель, роды и виды и др.

**Eleuzhan Serimov, Meruert Smagulova**

**Private institution "Academy" Bolashak ", Karaganda, Republic of Kazakhstan**

**A SCIENTIST WHO ONE OF THE FIRST SCIENTIFICALLY SUBSTANTIATED THE ART OF SPEECH OF  
THE KAZAKH**

Kazakh oratorical art has been constantly improved and developed since its inception. The art of speech has become a professional tool for eloquent orators who use it in disputes that decide the fate of a person. The role and importance of orators, who used the art of words to untie the knot of debaters, were very important in society. Probably, this is the reason that their actions rose to the level of legal rights. There is a full reason to say that the art of oratory occupied a special place in Kazakh society and became a necessary and perfect art in the field of law. Rhetoric is one of the bright phenomena in modern society. And no wonder Ahmet Baitursynuly, a lawyer of the past, prominent figure Alash Ordy, paid special attention to this art and considered it as a scientific object.

**Key words:** oratorical art, dance, public figure, species and species, etc.

**List of used literature:**

1. Baitursynov A. Literary presenter. Almaty. - 1992. - 367 pages.
2. Adambaev B. Kazakh oratory art - Almaty "Science" 1984. - 136 pages
3. Negimov S. The art of rhetoric. - Almaty, 1997.
4. Musauli Zh. Kazakh oratorical art. Kokshetau. - 2004 - 159 pages.
5. Cerimov E. Court oratory. Karaganda "Bolashak-Baspa". - 2006. - 218 pages.
6. Kadir Mirza-Ali. Some people need the seat of the President, the people need the seat of the President. // "Independent Kazakhstan". #265-268. November 30. 2005 year.

Хасен Мұрат Әбдірахманұлы  
[mkhasen@yandex.ru](mailto:mkhasen@yandex.ru)

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
Кадирсизова Оксана Рапагатовна  
[kadirsizova\\_71@mail.ru](mailto:kadirsizova_71@mail.ru)

Сапарова Айнагул Сагинбаевна  
[saparova.aynagul.68@mail.ru](mailto:saparova.aynagul.68@mail.ru)

№ 95 мектеп – гимназия, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

## ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Мақалада мектеп оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында шешендік өнерді оқыту әдіс – тәсілдері ұсынылған. Адам қоғамының даму барысында пайда болып қалыптасқан өшпес дәулетінің бірі - оның тілі. Ұмыт болған ұлттық құндылықтарымызды, бай әдеби асыл мұраларымызды, дүниелерімізді жаңғыртып, дамытудамыз. Қымбат дүниелеріміздің бірі би-шешендеріміздің бай асыл мұралары, даналық асыл сөздері. Біздің қазіргі басты міндетіміз өскелең ұрпақтың тіл мәдениетін қалыптастырып, оларды шешендік өнерге қызықтыру болып табылады.

**Тірек сөздер:** мемлекеттік тіл, қазіргі шешендік, шешендік өнер, түркі дәуірі, дипломатиялық шешендік, парламеттік сөз, ұлы мәдениет, қарым-қатынас.

Мектеп-гимназия оқушыларына қазақтың қазіргі шешендік өнері мен шешендік өнер тарихын оқытып, насихаттау арқылы ел құндылықтарын, тарихы мен салт-дәстүрлерін қастерлейтін, қазақтың би-шешендерінің асыл сөзін қадірлейтін, мемлекеттік тілді меңгерген, ой - өрісі кең, шығармашыл, өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алатын, болашақ ел тұтқасын ұстайтын шәкірттерді тәрбиелеуге жол нұсқаймыз. Сыныпта өтетін әрбір тәрбиелік, танымдық мемлекеттік тілді оқыту сабақтарында ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, орыс топтарында оқитын жеткіншектерімізге тіл үйретуде және ауызекі сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында шешендік өнердің негізін қалаған атақты билердің даналыққа, тәрбиелік тағылымға толы шешендік сөздері мен қоса қазіргі қаламгерлеріміздің туындыларын молынан оқытып қолданамыз. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің алдында шешен сөйлей алатын тұлға тәрбиелеу міндеті тұрғаны ақиқат. Ұлы дала халқының ұлттық қазынасы, ел игілігі, халықтың бай мұрасы – тіл [1,115]. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналығы, кең мағынасында сауаттылығы, оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кендігімен өлшенеді. Әр халықтың мәдениетінің бастау бұлағы туған тілінің пайда болуымен тұспа-тұс келеді. Демек, тіл - адами нақтылықты адамзаттың тіршілігі өтіп жатқан әлем ретінде жасайды. Адам қоғамының даму барысында пайда болып қалыптасқан өшпес дәулетінің бірі - оның тілі. Қазақ халқында ұлықтауға тұрарлық ұлы мәдениет те ұшан теңіз ұлттық құндылықтар да молынан кездеседі. Оны Тәуелсіздігімізді алып, еңсемізді тіктегеннен бері көріп, біліп, танып жатырмыз. Егемендігімізге ие болғаннан бері ұмыт болған ұлттық құндылықтарымызды, бай әдеби асыл мұраларымызды, дүниелерімізді жаңғыртып, дамытудамыз. Қымбат дүниелеріміздің бірі би-шешендеріміздің бай асыл мұралары, даналық асыл сөздері. Біздің қазіргі басты міндетіміз өскелең ұрпақтың тіл мәдениетін қалыптастырып, оларды шешендік өнерге қызықтыру болып табылады [1,117]. «Ұрпақ тәрбиесінде, ел басқару жүйесінде, елді сәулелендіру жолында, әрине, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып екшелген, жинақталып жүйеленген ақыл - нақыл, өсиет - насихатқа негізделген отты да нақышты, шебер де шешен айтылатын ауызша сөздің тағылымдық - танымдық әрі тәрбиелік мәні айрықша»- деп атап көрсетеді әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов «Шешендік өнер» атты кітабында. Ел бірлігі мен жер тұтастығы, ұлыс амандығын өнер өзегі етіп, халқымыздың этикалық және эстетикалық әлемін адамгершілік ізгі қасиеттер тұрғысынан әдіптеген би-шешендердің өнегелі өмірі, ғибратты ой-толғамдары Алаш баласының елдік мәселелерге қашанда ар биігінен келгенін көрсетеді. Ал осынау шешендік өнер деген терминнің өзі ең баста шет ел тілінен алынып, «әдемі, сенімді сөйлей білу қабілеті» деген мағынада жұмсалады. Көркем, сенімді сөйлей білу қабілеті шешеннің сөз тандау, сөз тіркестерін әдемі, әуезді, әсерлі құру, бейнелегіш-суреттегіш құралдарды шебер қолдану дағдыларынан қалыптасады. Жоғарыдағы дағдылар тілді оқып-үйрену арқылы қалыптасады. Шешендік өнердің өзі байырғы және қазіргі шешендік өнер болып бөлінеді. «Шешендік сөз дегеніміз

- тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз, қиялға әсер етіп, сезімді қозғайтын көрікті де, әсерлі сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып таңдай қақтыратын білгір - білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны жанды суреттей көз алдына алып келетін суретті сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түсінігін жеткізетін терең мағыналы түйінді сөз»- [2,85]. деп зерттеуші ғалым С.Қосымова шешендік сөзге тамаша анықтама береді. «Шешендік сөз» деген ұғымды кейбір тұстарда «сөйлеушінің тыңдаушыны сендіру өнері»- деп те атайды. Қалай болғанда да, сөйлеудің мақсаты мен мазмұны, шарты - таным мен білім құралы болу, сондай-ақ, адамгершілік қасиеттерге үндеу, қоғамдағы келенсіздіктерді сынау, т.б. адамның рухани дамуының негізгі көзі болып табылады. Шешендік өнер тек құрғақ білімді жатқа білу емес, оның ерекшелігі де сол кез келген ортаның ыңғайына қарай сөйлеушінің өзін ұстай алуы, дұрыс айтар ойын жеткізе алуы десек, айтылған шарттар практиканы көп қажет етеді. Шешендік өнер тарихы сонау ерте замандардан басталады. Адамзат баласы игерген алғашқы әрі желісі үзілмей келе жатқан өнерлердің бірі. Оның тарихын білу халық тарихын білумен бірге, сөйлеу мәдениетін, әдебін үйрену, сөйлейтін сөзді дұрыс таңдай алу ерекшеліктеріне жаттығу. Сол арқылы өскелең ұрпақтың шешен сөйлеуін, жастардың тіл мәдениетін дамытуға, қалыптастыруға көп пайдасы боларын атап өткеніміз де абзал болар. Қоғам тарихына көз салсақ, қай халықтың болсын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қол басылары, мәмлегерлері, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болғанын байқаймыз. Әр қоғамның өзіне лайықты қарым-қатынасы қалыптасатыны сияқты ойлау, сөйлеу мәдениеті, озық ойлы, шебер тілді адамдары да болғаны даусыз. Алайда шешендік өнер ғылым ретінде біздің жыл санауымыздан бес-алты ғасыр бұрын шығып қалыптасқан [2,90]. Ежелгі дүние мәдениетінде шешендік өнер теориясының элементтері анықталды. Шешендік өнердің басты сипаты, сөзді, сөйлеуді түрлі, амал - тәсілдермен көркемдеп, ұтымды жеткізу мәні шешеннің таланты мен терең білім, ақылына қатысты екені танылды. Шешендік өнер сендіру құралы, күрес құралы, мақсатқа жету құралы болатынына көз жеткізді. Шешендік өнердің әлем тарихындағы жаңғыруы қайта өрлеу дәуіріне қатысты. Бұл кезеңде шешендік өнер саяси күрес құралы, билік үшін күрес құралы қызметінде неғұрлым ықпалды болды. Шешендік тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс. Шешендік өнер тәуелсіздік жолындағы күресте өте белсенді қызмет атқарды. Қазақ шешендік өнерінің негізін қалаған кешегі өткен бабалар Майқы би, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би және т.б. би – шешендерміздің даналық сөздері ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағы деп білеміз. Қазіргі шешендік өнердің бастауы жиырмасыншы ғасырдың басындағы ақын – жазушыларымыздың көркем шығармаларынан бастау алады. Тіл үйрету сабақтарында жастардың көркем әрі таза сөйлеуіне әрине көркем әдебиеттерді жастарымыздың көп оқуына байланысты. Осы тұрғыда Абай, Мағжан, Қасым шығармаларынан сабақ барысында үзінділер беріп жаттатамыз. Соның нәтижесінде жастарымыз аймақтық, республикалық көркем шығармаларды мәнерлеп оқу сайыстарында жүлделі орындарды алып келеді. Шешендік өнердің теориясы және философиялық негіздемесін қадым замандардың өзінде антикалық дәуірде ғұмыр кешкен Платон, Аристотельдер сынды ежелгі грек философтары айқындап кеткен. Сөйтсе де, қазақтың ұлттық мәдениет тарихы мен рухани ділін құрайтын, неше ғасырлық тарихы бар қазақы шешендік өнердің философиялық болмысын зерделеп таразылаудың енді ғана қолға алынуы қоғамға қазіргі қажеттілігінен, сұраныстан туындап отыр[2,89]. Яғни, «оның әлеуметтік сипаты ерекше әлеуметтік феномен ретінде арнаулы зерттеулерде енді-енді қарастырыла бастады. Әр ұлттың өз тілі бар. Сондықтан сөз барлық халыққа бірдей түсінікті болуы мүмкін емес. Ұтқыр айтылар өткір сөзге негізделген тілмарлық өнер де белгілі бір халық тілінде туады, сол халыққа ғана түпкілікті қызмет етеді. Бұл аталмыш өнердің өрісіне тұсау болып, аясына тарлық етері сөзсіз. Бірақ оның есесіне күллі адамзаттың әлем-жәлем рухани қазынасын өз өрнегімен байыта түсері де ақиқат. Жер бетіндегі қай халықты алып қарасақ та ежелден келе жатқан қасиетті де қадірлі өнері-ол шешендік өнер.

Шешендік өнердің түп бастауларына үңілу үшін шешендіктің өнер ретіндегі о бастағы туып қалыптасу, даму кезеңдеріне тарихи экскурс-шолу жасау негізгі шарт. Басқаша айтқанда, адамдардың қауымдастыққа ұмтылған талпынысынан қоғам туындайтын болса, сол қоғамдағы адамның қолдан жасаған мәдени-рухани дүниесін әрқашан тарихи тұрғыда қарастырған ләзім. Шешендік өнер адамзат мұраларының бірі. Осы ыңғайда әлеуметтік ғылымдар және әлеуметтік саяси шешендіктен сөз бастаймыз.

Әлеуметтік-саяси саладағы шешендік сөздерге ғылыми тұрғыда қысқаша тоқталып мағлұмат бергенді жөн көріп отырмыз:

Шешендіктің бұл тегінің түрлеріне саяси сөз, әскери-патриоттық сөз, дипломатиялық (мәмілегерлік) сөз, парламенттік сөз, митингілік үгіт-насихат сөзі жатады. Дипломатиялық (мәмілегерлік) сөз жөнінде әңгіме қозғап, қысқаша тоқталып өткенді жөн санадық. Шаңы сұйылған



заманалар керуенінің барысын бажайлай қарасақ, айнала қоршаған шалғай-жақын елдермен алыс-беріс қарым-қатынассыз, жеке дара томаға тұйық дамитын қайсыбір ел болмайтынын аңғарар едік. Әр халықтың басынан өткерген бейбіт күнгі не жаугершілік заманындағы тарихы бізге осыны әйгілейді. Демек әр елдің елшілік, дипломатиялық тарихы – сол елдің ғасырлар белесіндегі даму көшінің бір көрінісі ғана.

